The communicative approach is relative new, as most of the teachers and prescribed texts separate the instruction of listening and speaking. Usually when listening and speaking are separated, specific skills are identified in each area and a sequence of these skills is established. No particular attention is given to the situation, or context, in which a specific skill is to be used, as the focus is on teaching listening and speaking and not on communication. We can develop listening skill by conducting the entire lesson in that language only. We may make use of Audio-Visual aids such as tape-recorder, gramophone etc. we may make the students to listen to Radio lessons to develop the skill. Moreover we may develop the listening skill by ear-training exercises, by articulation exercises, by mimicry exercises or by exercises in fluency. We may develop the speaking skill by giving picture lessons, by saying and doing exercises, by arranging oral composition, by developing the ideas on the topic within their range, by reproducing telling or completing a story, by dramatization, by arranging talks and discussions, by asking questions. But special attention is not given to the situation or context, in which a specific skill, listening or speaking, is to be used. When specific attention is given on a situation or a context and develop these skills we follow communicative approach.

Communicative Language Teaching is best considered an approach rather than a method. Thus although a reasonable degree of theoretical consistency can be discerned at the levels of language and learning theory, at the levels of design and procedure there is much greater room for individual interpretation and variation than most methods permit. It could be that one version among the various proposals for syllabus models, exercise types, and classroom activities may gain wider

approval in the future, giving Communicative Language Teaching a status similar to other teaching methods. On the other hand, divergent interpretations might lead to homogeneous subgroups.

According to CLT, a more general approach to teaching a foreign language, the aim in teaching and learning a second language must be to develop communicative competence. In CLT, grammar is not studied per se as in the grammar translation method and practice just for the sake of practicing as in the audio-linguistic method is not a part of the technique either. Rather, the method includes working on grammatical, sociolinguistic, discourse and strategic competence in the development of the four skills – reading, writing, listening and speaking.

Communicative Language Teaching procedures often require teachers to acquire less teacher-centered classroom management skills. It is the teacher's responsibility to organize the classroom as a setting for communication and communicative activities. Guidelines for classroom practice suggest that during an activity the teacher monitors, encourages, and suppresses the inclination to supply gaps in lexis, grammar, and strategy but notes such gaps for later commentary and communicative practice. At the conclusion of group activities, the teacher leads in the debriefing of the activity, pointing out alternatives and extensions and assisting groups in self-correction discussion. Critics have pointed out, however, that non-native teachers may feel less than comfortable about such procedures without special training.

The focus on fluency and comprehensibility in Communicative Language Teaching may cause anxiety among teachers accustomed to seeing error suppression and correction as the major instructional responsibility, and who see their primary function as preparing learners to take standardized or other kinds of tests. A continuing teacher concern has been the possible deleterious effect in pair or group work of imperfect modeling and student error. Although this issue is far from resolved, it is interesting to note that recent research findings suggest that "data contradicts the notion that other learners are not good conversational partners because they can't provide accurate input when it is solicited" (Porter 1983).

A wide variety of materials have been used to support communicative approaches to language teaching. Unlike some contemporary methodologies, such as Community Language Learning, practitioners of Communicative Language Teaching view materials as a way of influencing the quality of classroom interaction and language use. Materials thus have the primary role of promoting communicative language use. We will consider three kinds of materials currently used in CLT and label these text-based, task-based, and realia.

There are numerous textbooks designed to direct and support Communicative Language Teaching. Their tables of contents sometimes suggest a kind of grading and sequencing of language practice not unlike those found in structurally organized texts. Some of these are in fact written around a largely structural syllabus, with slight reformatting to justify their claims to be based on a communicative approach. A typical lesson consists of a theme relaying information , a task analysis for thematic understanding the message, asking questions to obtain clarification, asking for more information, taking notes, ordering and presenting information , a practice situation description: "A caller asks to see your manager. He does not have an appointment. Gather the necessary information from him and relay the message to your manager.

A variety of games, role plays, simulations, and task-based communication activities have been prepared to support Communicative Language Teaching classes. These typically are in the form of one-of-a-kind items: exercise handbooks, cue cards, activity cards, pair-communication practice materials, and student-interaction practice booklets. In pair-communication materials, there are typically two sets of material for a pair of students, each set containing different kinds of information. Sometimes the information is complementary, and partners must fit their respective parts of the "jigsaw" into a composite whole. Others assume different role relationships for the partners (e.g., an interviewer and an interviewee). Still others provide drills and practice material in interactional formats.

Many proponents of Communicative Language Teaching have advocated the use of "authentic," "from-life" materials in the classroom. These might include language-based realia, such as signs, magazines, advertisements, and newspapers, or graphic and visual sources around which communicative activities can he built, such as maps, pictures, symbols, graphs, and charts. Different

There are many other methods used in foreign language teaching, but it is rare to find one technique being used without influence from the others. Practicing teachers use a variety of methodologies to build up their own personal methodology which is basically whatever seems to work best in the classroom. What is clear is that grammar rules do need to be learnt to some extent at least. While it may not be acceptable in theory, most teachers use translation when they can or really need to, listening and speaking skills play a vital role in the learning of a new language – it is just that none of these things can be done in isolation.

1. *Jim Scrivener – Learning Teaching, Macmillan Books for Teachers, Oxford, 2005*
2. *Harmer, J. (2003) Popular culture, methods, and context ELT J 2003*
3. *Grenfell, Michael, and Vee Harris. Modern Languages and Learning Strategies: In Theory and Practice. London: Routledge, 1999.*
4. *Jeremy Harmer – The Practice of English Language Teaching, Longman, 1995*
5. *Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. Longman, 1994.*
6. *Swarbrick, Ann, ed. Teaching Modern Languages. New York: Routledge, 1994.*
7. *Swan, Michael (1985) in the English Language Teaching Journal 39and 1985*
8. *Stephen D. Krashen – Principles and Practice in Second Language Acquisition, Pergamon Press, 1984*
9. *Richards, J. Language and Communication. Longman, 1983.*
10. *Alexander, L. Practice and Progress. Longman, 1980.*
11. *Cooper, D. Philosophy and the Nature of Language. London, 1973.*

Түйін

Ағылшын тілінде тілімді әдіспен өту үшін қарым-қатынас арқылы оқыту әдісі негізінде лексика және грамматиканы міндетті түрде білу болып табылады тілді қолдану барысында өмірде болатын жағдайға байланысты құптауға болатын құрылымдар қарым-қатынас кезінде адамның тәртібі және сән үлгісі қалыптасады оның ауызекі мәдениеті тіл үйренуде жақсы нәтижелер береді ауызекі сөйлесу бұл әртүрлі шешім және жағдайларда көмектеседі ағылшын тілін шынайы өмірде үйрену керек.

Резюме

Одним из эффективных методов изучения английского языка является коммуникативный метод обучения, который помогает изучить необходимую лексику и грамматику на основе общения, в процессе применения языковых структур приемлемых в той или иной жизненной ситуации. В момент общения у человека формируются модели и образцы поведения, его речевая культура, что позволяет получить хорошие результаты в изучении языка, так как речевое общение осуществляется при помощи речевой деятельности для решения различных задач, и ситуаций, вероятных в реальной жизни изучающего английский язык.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТАНУ: БІЛІМ МЕН ДІННІҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Т.Ә. Қоңыратбай - *п.ғ.д., доцент,*
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Соңғы он жылда Ресей ғалымдары тарапынан білім беру жүйесіне мәдениетті бағдар ету, мәдениеттанымдық ыңғайды басшылыққа алу мәселелері белсенді дамытылып келеді. Оның басты өкілдері қатарында В.С. Библер, В.П. Зинченко, Е.В. Бондаревская, А.Е. Чучин-Русов, А.Валицкая, т.б. бар. Қазіргі педагогикалық тәжірибеде білімнің мәдениеттанымдық моделдері көбейіп, білімге мәдениетті тұғыр ететін педагогикалық сананың жаңа типі қалыптасуда. Ол педагогикалық мәдениеттану деп аталатын жаңа саланы тудырып отыр. Педагогикалық мәдениеттану гуманитарлық және жаратылыстану, техникалық білімнің тұтастығы негізінде интегралды көзқарас қалыптастырып, тұлғаның әлемді тұтас қабылдау қабілетін арттыратын рухани-көзқарастық білімді зерттеу нысанына алады. Ол білім мен мәдениеттің диалектикалық бірлігіне сүйенетін, білім мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын, мәдениеттің білімдік функциясын, білімнің мәдени функциясын, т.б. білімдегі мәдениет мәселелерін зерттеу нысаны ететін педагогикалық білімнің жаңа саласы. Педагогикалық мәдениеттану Ресей академигі Б.С. Гершунскийдің еңбектерінде білім философиясының бір тармағы ретінде көрінген. Ол қазір қалыптасу кезеңінде тұр, оның пәні мен зерттеу әдістері енді айқындалып келеді, ресейліктердің мәдениеттанымдық тұрғыдағы зерттеулері аталмыш саланың алғышарты ғана болса керек.

Соңғы жылдары базалық мәдениет, экологиялық мәдениет, зерттеушілік мәдениеті, кәсіби мәдениет, қарым-қатынас мәдениеті, мәдениеттер сұхбаты, т.с.с. жаңа ұғымдар педагогикалық айналымнан орын алып, оқулықтарға еніп жүр. Оқушылардың базалық мәдениетін, мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін, экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне құрылған ғылыми зерттеулер көбейіп, олар білім мен мәдениеттің өзара ықпалдасуының технологиялық аспектілерін дамытып келеді. Білім саласында «мәдениет», «мәдениеттілік» ұғымдары қолданыста жүргенімен, әзірге білімнен жоғары құндылық емес, тілімізде жүрсе де санамызға берік орнықпаған. Педагогикалық тәжірибедегі білім мен діннің өзара әрекеттестігі де педагогикалық зерттеулерге сұранып тұр. Осы сияқты білімдегі мәдениет мәселелерін арнайы қозғап, оған бас ие болатын жаңа саланы негіздеу қажеттігі туындайды. Атап көрсетілген проблемалар нақты ғылыми анықтамалар мен түсініктемелерге, теориялық тұжырымдарға, тіпті әдіснамалық зерттеулерге зәру. Педагогикалық білімнің жаңа саласы педагогика мен мәдениеттанудың синтезделуі нәтижесінде білімнің интегралды түрін тудырып отыр. Оны мәдениеттанымдық білім деп жүрміз. Ресей зерттеушісі Г.Ф. Федорецтің сипаттауынша, мәдениеттанымдық білім түрлі білім салаларын мазмұндық және рухани жағынан кіріктіретін, дүниетанымдық көзқарас бірлігіне сүйенетін білімнің түрі. [1,15-16].

Біздіңше, мәдениеттанымдық білім дегеніміз – педагогика мен мәдениеттанудың мазмұны мен зерттеу әдістерінің синтезделуі нәтижесінде туған білімнің түрі. Ол адамның ғылыми танымын көркемдік және діни-мифологиялық танымымен үйлестіруге ықпал етеді. Мәдениеттанымдық білім тұлғаның интегралды көзқарасын қалыптастырады. Мәдениеттанымдық білім - тұлғаны материалдық және рухани мәдениет бірлігі, білім-ғылым жетістіктері негізінде рухтандыратын, батыстық және шығыстық ойлау қабілеттерін үйлестіріп, ойлау шеңберін кеңейтетін, адамды қоғамның даму парадигмаларына сай күйге келтіретін, тұлғаны сапалық, менталдық өзгерістерге әкелетін, тұлғаның мәдениетті игеру, үйрену, жасау білігін арттыратын, өңделген, сұрыпталған ақпараттар жиынтығы. Білімге мәдениетті бағдар ететін педагогикалық сананың жаңа типін тудыруға себеп болған да осы мәдениет-танымдық білім болса керек. Біздіңше, мәдениеттанымдық білім бірнеше компоненттерден тұратын жүйе, әрі рухани құндылық. Осы сияқты білімдегі мәдениет мәселелерін арнайы қозғап, оған бас ие болатын жаңа саланы теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу қажеттігі туындайды.

Әрине мәдениет құрамына енетін барлық компоненттердің тұтастығын (білім, философия, дін, өнер, ғылым, техника, әдебиет, мифологияның) және олардың өзара ықпалдастығын білу, олардың әрқайсысының мәдениеттен алатын орнын білу - бірнеше ғылым саласының

Абай атындағы ҚазҰПУ
КІТАПХАНАСЫ
БИБЛИОТЕКА
КазНПУ имени Абая
Инв.№

синтезіне сүйенетін зерттеу болар еді. Ал білімнің мәдениет құрамындағы орнын, білімнің мәдени функциясын, сондай-ақ, мәдениеттің білімдік функциясын, білім мен мәдениеттің өзара әрекеттестігін анықтау педагогикалық мәдениеттанудың зерттеу нысаны болып табылады. Соның барлығында білім басты құрал болса, мәдениет оның сүйенер тұғыры, басты бағдары. Бірқатар ғылыми-педагогикалық және мәдениеттанымдық әдебиеттерге сүйеніп айтар болсақ, білімдегі дағдарыстардың бір парасы білімнің өз шеңберінде шектеліп, мәдениет категориясымен жуықтаса алмауында екендігі байқалады. Күні кешеге дейін білім негізінен педагогика ғылымының, ал мәдениет мәдениеттану саласының жеке зерттеу нысаны болып келеді. Ал олардың ара қатынасы, өзара ықпалдастығы бір сала аумағында арнайы зерттеу нысаны болған емес.

Білім мен мәдениетті зерттеудегі осындай дербестік олардың арасын алшақтатты. Мәдениет компоненттерінің бірі болған білім басқа компоненттерді кейін ысырып, алға шықты. Әсіресе XX ғасырдың соңындағы қоғамда білім басымдыққа, басты құндылыққа айналды. Педагогика ғылымы мен тәжірибесі «білімді адам» дайындауды маңыздырақ санағандықтан, білім мәдениеттен оқшауланды. Тіпті білімді культке айналдыру фактілері белең алды деуге болады. Білімділік ғасырымыздың басты құндылығына айналды да, мәдениеттілік екінші орынға ысырылды. Білімділік мәдениеттіліктің алғышарты болғанымен екі ұғымның арақатынасы кереғарлыққа тап болды. Жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі адамзаттың ақыл-ойымен жасалған рухани мәдениетке сәйкес болмады. Оның үстіне білім-ғылымның бет алды дамуы шектелмеген ғылыми прогресс те техника мен дінді мәдениеттен алыстатты. Сонымен, білім-ғылымды басымдық ету нәтижесінде дін мәдениет қатарынан ығыстырылды. Осы тектес құбылыстар педагогика ғылымына теріс ықпалын тигізбей қоймады. Мұның барлығын білімдегі мәдениет мәселелері ретінде тоғыстырып, пәнаралық арнайы зерттеуге нысан ететін кез келді. Бұл ретте білімдегі интеграция принципінің екі немесе бірнеше саланы синтездеу арқылы жаңа салаларды тудыру және зерттеуді сала бойынша ғана емес, көтерілетін проблемалары бойынша біріктіру мүмкіндіктерін пайдалануға болар еді. Мұндайда педагогикалық мәселелерді зерттеу ісіне басқа ғылымдардың көмекке келуі заңды құбылыс. Басқа ғылымдар саласынан енген зерттеу әдістері педагогика ғылымының зерттеу арнасын кеңейтіп, жаңа қолданыстар, тың идеялар әкеліп, педагогикадағы теориялық, әдіснамалық тұжырымдарды тағы бір қырынан толықтырып, жаңғыртатыны сөзсіз. Қай салада болмасын дәуір талабына сай жаңару, жаңғыру процестерінің жүруі диалектикалық заңдылық. Мұндай толығулар мен жаңарулар педагогика ғылымының зерттеу шеңберін, ғылыми диапазонын кеңейте түсер еді. Мезгілі жеткенде кейбір ғылыми тұжырымдардың уақыт талабына сай келмейтіні, кейбір теориялардың жоққа шығарылмаса да толықтыру мен өзгертулерге зәру екендігі, сол негізде инновациялық құбылыстардың пайда болатындығы да белгілі. Олай болса, Педагогика мен Мәдениеттану, т.б. ғылым салаларының синтезделуінен туған жаңа сала – Педагогикалық мәдениеттанудың үлесіне тиер мәселелер аз болмайды. Бүгінде ғасырлар тезінде алмакезек ығысып келген мәдениеттің кейбір компоненттерін жоқтап, түгендей бастағандаймыз. Мысалы, тоталитарлық жүйе тұсында мәдениет қатарынан ығысып қалған дінді қадірлеп, оның мәртебесін орта ғасырлар тұсындағы деңгейге жеткізбесек те, адамзаттың рухани потенциалы, мәдениет қатарына көтеру талпыныстары бар. Мәдениетті құрайтын компоненттердің өз орнында болмауы «мәдениет» ұғымын тұтас қабылдауға кері әсерін тигізді. Адам мәдениетті құрамдас бөліктерімен тұтас қабылдай алмағандығынан, оны біржақты түсінген. Мысалы білім мен ғылымды, өнерді ғана мәдениет ретінде қабылдап, мәдениет ұғымын шектеп келдік. Мұндай шектелу адамның әлемді қабылдау қабілетін де, санасы мен көзқарасын да бөлшектеп, мәдениеттен алыстатты. Оның үстіне педагогика ғылым ретінде көбірек, ал өнер ретінде әлсіз зерттелді. Мәдениет компоненттерінің бөлшектенуі, әр дәуірде әр-қилы деңгейде болуы көзқарастар қайшылығына, адамдар мен мемлекеттер арасындағы қарусыз және қарулы текетірестерге, кейде жойқын соғыстарға себепші болған. Бүгінде білім мен мәдениет арасының осылайша алшақтауы педагогика ғылымын тығырыққа тіреген факторлардың біріне айналды. Түйіндеп айтқанда, жалпы мәдениеттегі дағдарыстар білім саласында мынадай проблемаларды тудырды деуге болар еді:

1. мәдениет құрамындағы компоненттердің түгел және тұтас болмауы. Яғни, мәдениет қатарынан діннің, сенімнің, техниканың ығысып қалуынан адам мәдениетті тұтас күйде, барлық құрамдас бөлігімен бірге қабылдай алмады, сондықтан мәдениет туралы түсінігіміз біржақты болды. Білім мәдениеттен жоғары бағаланды;

2. адам мен табиғат арасының алшақтануы адамның табиғатты өзіне бағындыруынан пайда болған проблема. Мұны ғылым және техника культінен туған проблема дейміз. Ғылым мен техниканы шектен тыс дамыту ісі білім берудегі гумандылық принциптерімізге қайшы келді. Нәтижесінде білімді ақпараттандыру және компьютерлендіру мен білім мазмұнын гуманизациялау мен гуманитарландыру арасында кереғарлық пайда болды. Мұны - ғылыми-техникалық прогресс пен мәдени-рухани дамудағы кереғарлықтар мен дағдарыстар деп жүрміз; 3. Діни тәрбие құндылық ретінде мойындалмады, дін мәдениеттің бір компоненті ретінде саналмады. Адамзаттың білімге, өзінің рухтылығы мен құдіреттілігіне сенімі, өмірге сенімі жоғалып, білім-сенім дін арасында өзара байланыстар болмады. Тұлға ғылыми біліммен ғана қаруланып, өз санасында діни, ғылыми және көркемдік-эстетикалық таным түрлерін үйлестіре алмады. 4. Педагогиканың ғылым ретінде өрістеп, өнер ретінде әлсіз зерттелуі, педагогика ғылымының ғылым әрі өнер ретіндегі тұтастығына біршама нұқсан келтірді. Осы тектес себептерден білім мен мәдениет арасы алшақтады, яғни, тұлғаның білімі мен тәрбиесі мәдениетке сәйкес келмеді, мәдениетті тұтас қабылдау мүмкіндігінен айрылған тұлға әлемді де тұтас қабылдау мүмкіндігіне ие бола алмады. Оған және бір себеп - білімнің тұтас құрылымының екі салаға бөлінуінен (гуманитарлық және ғылыми-жаратылыстану) және олардың арасында байланыстың әлсіздігі, осы проблемаларға алдымен гуманитарлық салалардың өз арасындағы байланыстың нашарлығы қосылды. Осының барлығын білімдегі мәдениет мәселелері деп тоғыстырсақ, оларды мынадай тармақтарға бөліп қарастыруға болар еді: білім және техника культінен туған қайшылықтар; білім мен мәдениет арасының алшақтауынан туған проблемалар (оған білім мен дін арасының алшақтауы та жатады); білім мен тәрбиенің мәдениетке сәйкес келмеуінен туған проблемалар, т.б. Солардың ішінен білім мен діннің өзара ықпалдастығын арнайы ерекшелеуді мақсат тұттық.

Қазіргі кезеңде діндердің мәртебесі өсіп келеді десек те, әлі біз атеистік көзқарастан толығымен арыла қойған жоқпыз. Оның себептерін XX ғасырдың екінші жартысында діннің мәдениет қатарынан мүлде ығысып қалуынан іздесек керек. Есесіне білім қоғамның мәдени құндылығы ретінде мәдениеттің құрамынан үлкен орынға ие болды. Діннің мәдени құндылыққа жатпауы жасанды бұр-малаушылықтан туған келеңсіздік еді. Дінге жаңа көзқарас қалыптастыру үшін әлі де біраз уақыт, өтімді идеялар, мәдени шаралар мен пәнаралық зерттеулер қажет болып отыр. Діндердің білім кеңістіндегі көріністерін, білім мен дін арасындағы өзара ықпалдастықты, тұлғаның діни әлемдегі әрекетін, оның жастардың танымы мен санасына әсерін зерттеуде діни ыңғайды ұстанатын бірден-бір жаңа сала да – педагогикалық мәдениеттану дер едік. Ол білім, сенім, дін арасын жуықтатуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттеу нысаны етер еді. Бұл ретте педагогикалық мәдениеттану діни ыңғайға жүгінеді. Діни ыңғай мәдениеттанымдық ыңғайдың бір тармағы, ол педагогикаға теология, дінтану саласынан келген зерттеу әдістерінің бірі. Өткен ғасырларда, тоталитарлық жүйеге дейінгі кезеңдерде діни ыңғай адамның сауатын ашу, білім беру, тәрбиелеу ісінде басшылыққа алынды. Тоталитарлық жүйе тұсында дін мен білім арасының алшақтауы діни ыңғайды уақытша ығыстырды. Жаңа ғасырымызда діни ыңғай білім беру жүйесіне қайта оралып, педагогикалық тәжірибеден өз орнын ала бастады. Сонымен, діни ыңғай - діни білім мен ғылыми білімнің және мәдениеттің ара қатынасын, сонымен қатар адам танымын, оның рухани әлемін зерттеу үшін қолданылатын зерттеу әдістерінің бірі.

Қоғам дамуының парадигмалық өзгерістеріне, кешегі тоталитарлық жүйенің демократиялық жүйемен алмасуына байланысты жаңа ғасырымызда адам дінге жаңа көзқарас таныта бастады. Оған себеп болған егемендік алған мемлекетіміздегі халықтардың дінді танудағы белсенділігін арттыруға, діни білімді таратуға арналған Қазақстан Республикасының арнайы Заңдары, Дін істері жөніндегі комитет, діни басқармалар, қауымдар, мешіттер, медресе сияқты ғибадат орындарының белсенді қызметі ықпал етті. Нәтижесінде дінге ден қоюшылар қатары көбейіп, республикамызда дәстүрлі және ұлттық конфессиялардың ынтымағы артып

келеді. Оған дінге қатысты Қазақстан жерінде, әлемдік деңгейде өткен бірнеше дүркін съездер, басқосулар дәлел болмақ. Діни қатынастардың мемлекет тарапынан реттеле бастауы адамдар санасына, әсіресе жастарға оң өзгерістер әкелді: діни сенім орнап, ол ғылыми білімімен ұштастырыла бастады. Бұрын діни сенімнен тыс тұратын білім ұйымдары дінтану пәні арқылы діндер тарихын оқыта бастады. Біздіңше, дін тұлға мәдениетінің бір арнасы, мәдениеттілігінің көрсеткіші, дүниетанымдық көзқарасының ажырамас бөлігі. Діни танымсыз әлемнің бейнесін тұтас елестету қиын. Дін білімнің бір түрі, мәдениет әлемінің белді компоненті ретінде өз орнына оралуы қажет дей отырып, жоғары оқу орындарында байқалып жүрген кейбір құбылыстарға тоқталуға тура келеді. Мысалы, педагогикалық мамандыққа даярлап жүрген жоғары оқу орындарындағы кейбір педагогикалық пәндер білім мен тәрбиені дінмен, сеніммен байланыстырмайды. Айталық педагогика тарихы оқулығында педагогикалық ой-пікірдің, тәрбиенің пайда болуында ежелгі діндердің (мифтердің) ықпалы айтылмайды. [2,6]. Діндерді жағымсыз сипаттайды. Педагогикалық ой-пікірдің ру-тайпалық қоғамдағы, құл иеленуші қоғам тұсындағы тарихында адамдардың діни наным-сенімдері педагогикалық тұрғыда қарастырылмайды. Дін біліммен, тәрбиемен қайшылықта көрінеді. Дін билік етушілердің қолындағы халықты қанау, үрейлендіру, өзіне тәуелді, бағынышты ұстау құралы ретінде көрінеді.[2,19]. Әрине бұл көне оқулықтардан алынып отырған мысал болғанымен, олар әлі күнге кітапханалар арқылы студенттердің қолданысында жүр. Педагогика тарихы оқулықтары дінді былайша сипаттайды: 1. Діннің мақсаты - халықты өзіне бағынышты ұстау. 2. Шіркеулер дін иелерінің идеологиялық орталығы болған. 3. Дін - билеуші топтың халықтың ой-санасын, іс-әрекетін шектеу құралы болған деп баяндалған. Ал социалистік дәуірге қатысты тараулар атеистік көзқарасты уағыздайды. Өткен ғасырлардағы қоғамның ілгерілеуіне, білім беру жүйесіне шіркеулердің, мешіттер мен медреселердің, діни мектептердің оң ықпалы, ағартушылық, рухани-ізгілік қызметі, тәрбиелік маңызы мүлде болмағандай. Қайсыбір педагогика тарихы оқулықтарында дін туралы сөз қозғалмайды. Олар шығыс халықтарына тән дүниетанымнан, әсіресе түркілік дүниетанымнан мүлде алшақ. Барлығы демесек те, бірқатары еуропаөзімшілдік сипатта жазылған күйде қолданылып келеді. Қазақша аудармалары да соны қайталайды. Мысалы, педагогика тарихында да, жалпы педагогика пәнінде де тәрбиенің пайда болуы жайлы батыстық авторлар Ш.Летурноның, А.Эспинастың, XIX-XX ғасырдағы американдық ғалым П.Монроның, т.б. еуропаөзімшілдік көзқарастары, тұжырымдама, теориялары басты назарда. «Адам тәрбиесінің негізі хайуанның ұрпағын жалғастыруға ұмтылуы тәрізді инстинктке сүйенеді», «тәрбие негізі балалардың үлкендерге еліктеу инстинктіне сүйенеді», дейтін биологиялық интерпретациялар психологиялық интерпретациялармен жалғасып, алмасып жатады, бірақ тәрбиенің дінмен байланысы, діннен бастау алған оқыту әдістері нақты сөз болмайды. Қорыта айтқанда, педагогикалық пәндерде атеистік ғана емес, еуропаөзімшілдік көзқарастың іздері сақталған.

«Педагогика тарихы» пәндерінде белгілі тұлғалардың діни көзқарастары арнайы қарастырылып көрген емес. Я.А. Коменскийдің, Г.Песталоццидің, К.Д. Ушинскийдің, Л.Н. Толстойдың, А.С. Макаренконың, В.Сухомлинскийдің, Каптеревтің, т.б. педагогикалық көзқарастары олардың діни көзқарастарынан тыс қарастырылады. Оқулықтарға қысқаша түрде ғана енген Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Ыбырай, Абай, Шәкәрім сияқты ғұламаларымыздың педагогикалық көзқарасы да олардың түркілік дүниетанымынан тыс, жалаң сипатталады. Бұл көрнекті тұлғалардың атеист болғандығынан емес, тоталитарлық жүйе кезінде тарихымыздың бұрмалануы мен еуропаөзімшілдік көзқарастың салдары болса керек. Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық...» деп өрілетін өлеңіндегі «Бір аллаға сыйынып» деген бастапқы жолдары күні кешеге дейін алынып тасталғаны белгілі. Сондай-ақ, Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» дейтін еңбегі кешегі Кеңестер Одағы тұсында жабулы қазан күйінде жатты.

Не «Педагогика тарихында», не «Тәрбие теориясы мен әдістемесінде» кейбір оқыту мен тәрбие әдістерінің діннен бастау алғандығы туралы айтылмайды. Мұғалім даярлайтын факультеттер дінді тоталитарлық саясат пен биліктің, атеизмнің ықпалынан аршып алып, оның өзіндік мәні мен мазмұнын, қоғамдық санадағы прогрессивті жақтарын, біліммен, сеніммен байланысын көрсететін жаңа оқулықтарға зәру. Дінге көзқарасы дүниетанымдық көзқарасы-

ның бөлшегіне айналмаған мұғалім мектеп баласына қандай тәлім бермек? Қазір біз ғұламалар мен даналардың діни көзқарасына құрметпен қарауымыз керек. Ал дін жөнінде үстірт айтылатын, діни көзқарасты қалыптастырмайтын, еуроөзімшілдік сипаттағы оқулықтарды пайдаланған студенттердің төл мәдениетіміздің іргетасын қалаған ұлылардың діни көзқарасын түсініп, бағалауы қиын.

Гуманитарлық ғылымдардың көбісі өзінің ішкі мазмұнын еуроөзімшілдік бағыттар мен көзқарастардан белсенді түрде тазартып келеді. Бірқатар оқулықтардың жаңа көзқарасқа сай бола бастағаны байқалып жүр. Мысалы, философия, мәдениеттану, дінтану, антропология, физиология, әдебиеттану, фольклористика, этнография, шығыстану, мифология, этнопсихология, этнопедагогика т.б. салаларда көзқарастық өзгерістер бар.

Педагогика тарихы оқулықтарына жетіспейтіні: 1) дінді биліктің ықпалынан тыс сипаттау, 2) дін мен білім-тәрбие ісінің арасындағы байланыстарды объективті тұрғыда көрсету; 3) діннің педагогикалық ойды дамытудағы маңызын көрсету; 4) білім мен сенімнің өзара үйлесімділігін қамту; 5) көрнекті тұлғалардың діни сенімі туралы материалдармен толықтыру; 6) мұсылман дінінің оқыту, тәрбиелеу ісімен байланысы, Қазақстандағы ресейлік және батыстық миссионерлердің діни-ағартушылық қызметі туралы деректердің жоқтығы.

Дін туралы ғылыми зерттеулерге сүйенсек, кейбір педагогикалық технологиялардың пайда болуы ежелгі дін түрлерімен байланыстырылған. Дәлірек айтсақ, адам тәрбиесі туралы педагогикалық ой-пікірлер мен халықтық тәжірибенің, онда қолданған педагогикалық технологиялардың бастау бұлағы алғашқы діни наным-сенімдер, ислам, христиан, католик, протестант, будда, т.б. діндері деген тұжырымдар жоқ емес. Мысалы, Ресей академигі Б.С. Гершунский: «...Педагогиканың діннен үйренері көп деген пікірі, осы сипаттағы ойлар педагогикалық пәндерде айтылмай келеді.[3.540].

Бірқатар деректерге жүгіне отырып, сауат ашу, оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі кейбір әдістер мен тәсілдер діннен келген деуімізге негіз бар. Мысалға, ежелгі Ресейдегі кіші жастағы балалардың сауатын ашу әдістемесі тарихынан мынадай деректі келтіріп көрелік. Баланың сауатын ашуда қолданылып келе жатқан әріпқұрастыру әдісі (буквослагательный метод) алғашқыда ежелгі Ресейде де шіркеу кітабы - Часослав бойынша жүргізілген... «Буквослагательный метод в старину применялся и у нас, в Древней Руси. Обучение велось сначала по церковной книге – часослову, а позднее по особым «азбукам»). [4, 13]. Сол дін оқуындағы әріпқұрастыру әдісі күні бүгінге дейін бастауыш мектептегі сауат ашу сабақтарында қолданылып келеді.

Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ даласында діни мектептер мен медреселердің болғандығы туралы деректерге сүйенсек, оларды «қадим» мектептері деп атаған. Олар феодализм заманынан бастап бала оқытқан және ислам дінінің догмаларын үйреткен. Ислам дінін насихаттауға бағытталған діни мектептер туралы жағымсыз пікір жазушы С.Мұқановтың «Өмір мектебі» әңгімесінде де сипатталған. Мысалы, қадим мектебіндегі балаға тек «жаттау әдісі» арқылы діни білім беру, оны игере алмағандарды шыбықпен жазалау әрекеттері, баласын молдаға әкеп өткізген ата-анасының «еті сенікі, сүйегі менікі» деп тапсыруы оқыту ісінен тәжірибесіз молдалардың жағымсыз әрекеті халық санасынан орын алғандығы білінеді. Екінші жағынан, дін сабақтарын өте төмендетіп сипаттау әдісі кеңестік дәуір тұсындағы атеистік көзқарастан, асыра сілтеуден де болса керек. Біз мысалға келтірген «қадим мектебіндегі» «жаттау әдісі» ежелгі Ресейдегі «әріпқұрастыру әдісі» сияқты мұсылмандық мектептерде де қолданылған. «Жаттау әдісі» қазіргі бастауыш мектептегі маңызын жоймаған оқыту әдістерінің бірі. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, жаттау әдісі баланың жадын, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді. «Жаттау әдісі» діни білім беруде жалғыз әдіс болса, педагогикада ол көптеген әдістердің бірі және күштеп емес, саналы түрде жүзеге асады. Діни мектептерде «жаттау әдісі» діни догмаларды күштеп жаттатқан жағымсыз әдіс ретінде көрінеді. Алайда, бұл тұста «жаттау әдісін» кінәлағаннан гөрі, молдалар қолданған діни білімнің догмаға құрылған шектеулі мазмұны мен оны үйретуші кейбір молдалардың әдістемелік шеберлігінің нашарлығын кінәлаған дұрыс сияқты. Оқыту әдісінің құлпырып, түрленуі оны қолданушыға да (молдаға немесе мұғалімге) байланысты екені белгілі ғой.

Дегенмен, педагогикалық кейбір пәндерге қатысты айтылған пікірлеріміз әлі де болса гуманитарлық пәндердің өз арасындағы байланыстардың берік еместігін көрсетеді. Мысалы, педагогиканың дінтанумен байланысының әлсіздігі, педагогика мен мифологияның арасындағы байланыстың жоқтығы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру, дүниетанымын қалыптастыру мәселесіне тереңдеп ене алмауымызға себеп болуда. Сондығынан болар, қазіргі оқушы жастар дінді еркін түсінбегендіктен, түрлі көзқарастық ауытқуларға тап болуда. Мысалы, қазақ жастарының Кришна сияқты діни секталардың, христиан, т.б. діндердің ықпалында кеткендіктен, өз еркімен мұсылмандықтан бас тарту құбылыстары белең алып отыр. Соңғы ресми деректерге жүгінер болсақ, жат секталарға енген қазақтардың саны 500-600 мыңға жеткен. [5,6]. Қазақстандық жастар арасында (ұлты қазақтарды, жалпы мұсылмандарды да қамтиды) әулие Валентин күнінің жастар арасында аталып өтілуінен де күні бүгінге шейін бас тарта алмай жүрміз. Сонау Ирландиядан бастау алып, АҚШ пен Канадаға, бергі жерде Еуропа елдеріне тарап кеткен Хэллоуинді тойлаудан еуропалықтардың өздері де құтыла алмай отыр. Батыс мемлекеттері Хэллоуинге заңның нақтылы бабы арқылы тыйым салуға көшкелі көп болды. Ал біз дүниетанымымызға қайшы келетін Хэллоуиннің Қазақстанда белең алған жылдарының, қауіпті келеңсіздіктің куәсі болып келдік. Мұсылмандығымызды ұлттық идеямен, ұлттық мектептің моделімен кереғар ететін осындай құбылыстарды ескерсек, жастарымыздың көзқарастық қайшылықта, рухани адасуда жүргендігінің бір себебін аңғарамыз.

Біздер діни білім, діни сенім, діни тәрбие, діни салт-сана деген қолданыстарды діни ұйымдардың міндетіне ысырып, жалтақтамауымыз керек. Бүгінде олар қоғамымызда бар ақиқат құбылыстар және оны педагогикадан алыстатудың қажеті шамалы. Діни білім де, діни тәрбие де, діни сенім де, діни сана да дүниетанымдық көзқарастың құрамы, ол әрбір адамға, әлеуметтік топтарға, этносқа міндетті болмаса да, сонау жаратылысынан тән. Мысалы, жаңа ғасыр адамдарының бейсанасынан көрініс беріп жүрген ырымшылдық сонау «бөгү дініне» (бұл түркітанушы Қ.Сартқожаұлы ендірген қолданыс, ол діни наным-сенімдерді осылай атайды) [6, 334-338] сенуден қалған жұрнақ дер едік. Ырымшылдық бір қарағанда әлдеқашан ұмыт қалған, елеусіз нәрсе сияқтанса да, тіпті ғылыми көзқарастағы, атеист адамдардың санасында да өшпес із қалдырған елеулі құбылыс. Дінінен ажырағандардың өзі ырымшылдықтан ажырамапты. Адамның жанынан ажырамас нәрсені оның тәлім-тәрбиесінен ажырату мүмкін бе? Тұлғаның діни көзқарасы оның жалпы дүниетанымдық көзқарасының құрамын толтырса, тұлғаның дамуы мен қалыптасуында қабылданып, іске асырылса, оның педагогика саласы үшін айыбы жоқ.

Діндердің ежелгі рухани жүйе ретінде адам санасына ықпалы зор екенін тарихымыздың өткені де, бүгіні де дәлелдеп отыр. Олардың сананы өзгертудегі маңызы төмендегідей дер едік: Біріншіден, діни білімде иррационалдық басым болғандықтан, оның адам сезіміне әсер етер эмоционалдық күші бар, екіншіден, адамның өмірге көзқарасын өзгерте алатын потенциалдық қабілеті бар, үшіншіден, атақты психолог, психотерапевтердің, мысалы, американдық ғалымдар С.Гроф пен К.Грофтың [7,26] зерттеулеріне сүйеніп айтар болсақ, ежелгі діни жүйелер адамның бейсана күйін дәл сипаттай алады. Американдық ғалымдар зерттеген діни құбылыстар негізінде, салыстырмалы түрде айтар болсақ, діни білімге қарағанда, ғылыми білімнің эмоционалдық күші мен адам санасына әсері әлсіздеу. Себебі онда тек ғылыми деректілік пен дәлдік, рационалдық басым. Иррационалдықты ескермей, діннен мүлде алшақ кеткендіктен, бірыңғай ғылыми біліммен шектелгендіктен, оның адам көзқарасын өзгертуге потенциалдық қабілеті жетіспейтін тұстары баршылық. Қазіргі адамдардың санасында «ғылыми көзқарас барлығын (табиғатты да, адам санасын да, қоршаған ортаны да) өзгерте алады» деген сыңаржақ пікір орын алған. Адамның өмірге көзқарасын өзгертіп, санасын жаңғырту үшін ғылыми көзқараспен қатар діни-мифологиялық көзқарас та ауадай қажет дер едік. Ғылыми танымды діни-мифологиялық танымсыз ұштастырмайынша, тұлғаның әлем бейнесін тұтас қабылдау мүмкіндігі артпайды дер едік. Ал өкінішке орай, жалпы орта білім беретін орта мектептер де, жоғары оқу орындары да негізінен ғылыми көзқарас қалыптастыруды ғана мақсат тұтады. Онда оқытылып жүрген дінтану сабақтары діни білім, білік бер-

мейді, діни көзқарас қалыптастыруды мақсат тұтпайды, барлық діндерге кіріспе, жалпы тарихи шолу жасайды.

Кейде мектептегі пәндерді игеру процесі ғылым негіздерін таныту емес, оқыту деңгейінде, үстірт жүр ме деп қаламыз. Дінтану пәні де солай. Мұндай құбылыс оқушылардың әлемді тұтас қабылдау мүмкіндігін дамытуға ешнәрсе қоспайды. Рас, оқытусыз таныту жоқ. Алайда оқыту технологиясы қаншама дамыды десек те, оқу-тәрбие процесінде оқыту сатысында қалып жатқан істер баршылық сияқты. Таныту процесін баланы оқытудан кейін рухани жоғарылататын саты десек, біз сол сатыға үнемі көтеріле алып жүрміз бе деген күмән туындайды. Тану дегеніміз ұғыну мен түсіну арқылы оқу материалына тереңдеу, ал тереңдеу - сапалы білімге, саналы тәртіпке, баланың құндылықтар жүйесін, өмірге көзқарасын қалыптастыруға апаратын жол. Ал болашақ мұғалім даярлайтын факультеттерде дінтану пәнінің мүлде оқытылмайтынын ескерсек, педагогтардың кәсіби және рухани дайындығы тұтас қамтылмай, біржақты, ғылыми танымнан шектеліп жүргендігі көрініс береді. Бала тәрбиесімен, оның рухани дамуымен тікелей айналысатын педагогтар дайындығына мұқият болу үшін педагогика ғылымы мен тәжірибесіндегі көптеген жайларды қайта қарау қажет сияқты.

Іздену барысында байқағанымыз, діннің педагогикалық тұрғыдағы анықтамасы дінтану, мәдениеттану, педагогика салаларында жоқ; дін – мәдениеттің негізі, дін – тұлғаның менталдық сапасының негізі дей отырып, діни ыңғайдың педагогикалық айналымда өріс алуына, дінге мәдени-педагогикалық көзқарастың еркін қалыптасуына үлес қосқымыз келді. Дін туралы ой-пікірлерімізді тұжырымдай келе, дінге педагогикалық тұрғыдан берілген төмендегідей анықтамаларымызды ұсынар едік: діндердің танымдық-тәлімдік мәнін ұғыну, педагогикалық анықтама беру - бірнеше гуманитарлық білім салаларына сүйенуді (пәнаралық зерттеуді) қажет етеді; педагогикалық тәжірибені діннің кейбір элементтерімен алғаш байланыстырған этнопедагогика саласы. Ол діни дәстүрлерді, ырым-жоралғыларды бала тәрбиесінің халықтық әдістері мен құралы ретінде педагогикалық тәжірибеге енгізді, алайда білім, дін, сенім арасындағы байланыстарды арнайы қарастыру, дінге педагогикалық тұрғыда анықтама беру этнопедагогиканың міндетіне кірмейді; халықтық ырым-жоралғылар мен салт-дәстүрлердің түп-төркіні мифология мен діни сенімдерде жатыр; дін де педагогика тәрізді тұлғаның сенімін, мінез-құлқын, этикалық, эстетикалық, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады; білім де дін де рухани мәдениет үлгілерін тудырған; тұлғаның білу-сену-тану әрекеттеріне діннің әсері бар; дін де білім сияқты адамды өзгертушілік рөл атқарады; білім де дін сияқты компенсаторлық, реттеушілік, көзқарастық және мәдениет тарату функциясын орындайды; сенім – діннен бастау алған құндылық; сенім – білім мен діннің арасын жалғайды; сенім – білімді жалғастырушы, оны ғылымға айналдырушы фактор; сенім - халық даналығында мәңгі орын алған феномен; сенім жоқ жерде білім де, ғылым да, көзқарас та, сана да орнықты болмайды; сенім жоқ жерде тұлғаның іс-әрекетінен таяздық пен тайғанақтық, жалтақтық пен жалтарғыштық, мінез құбылмалылығы, сезім тұрақсыздығы сияқты келеңсіздіктер көрініс бермек. Мысалы, күдік пен күмән, атеизм, сенім бостандығы - қазіргі жастар тәрбиесіндегі түйінді проблемалар; адам сенімінің қалыптасуы діннен бастау алған; діни көзқарас халық даналығымен байланысты; дін адамдарды біріктірген бастау; тұлғаға діни сенім мен білім-ғылымға негізделген сенімнің үйлесімі қажет; қазіргі адамға діни және дінсіз көзқарастардың үйлесімі жетіспейді; адам танымын оның діни көзқарасынан тыс қарастыру жаңсақтық; белгілі тұлғалар дүниетанымын тек дінсіз көзқарас тұрғысынан қарастыру – сыңаржақтықтың көрінісі; діннің қайсы бірі болмасын, оны өз кезеңіне салып (уақыт пен кеңістік парадигмасында) бағалап, адам тәрбиесінің, көзқарасының, санасының дамуына тигізген оң ықпалын мойындап, мәдениетке жатқызамыз; діни көзқарастар да (мифология, дәстүрлі және әлемдік діндер), дінсіз көзқарастар да (антикалық дәуірдегі атеизм, орта ғасырдағы буржуазиялық атеизм, материалистік атеизм, маркстік ғылыми атеизм, ой еркіндігі, пантеизм, деизм, кеңестік дәуір тұсындағы атеизм) әртүрлі дәуірлерде жинақталған білімдер жиынтығының нәтижесі; сенім мен күмән арасындағы қарама-қайшылық ғылыми дәлелдің, ғылыми көзқарастың қозғаушы күші болып табылады; сену мен күмәндану адамның қоғамдық даму жолындағы ізденіс-әрекеті, диалектикалық дамудың заңдылығы, ғылымның пайда болуының алғышарты: егер сену мәдени дәстүрлер тудырса, күмәндану білім мен ғылымды тудырды. Күмәнда-

ну ғылыми дәлел арқылы туған ғылыми көзқарастың қозғаушы күші; алайда күмәнның басымдық болуы адамды рухани адастыруы мүмкін; сену мен күмәнданудың, діни сенім мен ғылыми дәлелдің алма кезек көрініс беруі қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңына бағынады; бірыңғай ғылыми дәлелге сүйену дүниеге тұтас көзқарас тудыра алмайды; қазіргі таңда діни сенім мен ғылыми дәлел антиподтар болмауы тиіс; олардың күресі мен бірлігі адамның дүниетанымын жаңғыртады; педагогикада «сену» және «сендіру» ұғымдарының орны толмай, рөлі еленбей жүр; діни сенім мен ғылыми дәлелдің үйлесімі негізіндегі тұлғаның жаңару процесі саннның сапаға ауысу заңы бойынша жүзеге асады; діни және дінсіз көзқарастарды үйлестіру оларды синтездеу әдісі арқылы жасалады; жастар тәрбиесінде діннің компенсаторлық, реттеушілік, көзқарастық және мәдениет тарату функциясын толық пайдалануымыз қажет; оқушы жастардың көзқарастық функциясын толығымен атқаруына қазіргі дінтану сабақтарының ықпалы әлсіз; білім кеңістігінде діннің мәдениет тарату функциясын күшейтуіміз қажет; педагогика ғылымы мен тәжірибесі діннің дезинтеграциялық функциясымен күрес жүргізуі тиіс; халықаралық қоғамдық қатынастарда діннің интеграциялық функциясы артып отыр, біз оны білім кеңістігінде пайдалана білуіміз керек; діни көзқарас адамның құндылықтар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді; діни көзқарас адамның шайқалған сенімін нығайтып, қалпына келтіреді; діни көзқарас адамның менталдық сапасына ықпал етеді; діни көзқарас тұлғаның дүниетанымдық көзқарасын жаңғыртады, әлемді тұтас қабылдау шеңберін кеңейтеді; тұлғаның көзқарасы діни сенім және ғылыми дәлелдің тұтастығы негізінде қалыптасқаны жөн; рационалдықпен қатар иррационалдықтың, сана мен көмескі (бейсана) сананың арасындағы үйлесімділіктің мәні мен маңызын мойындау, олардың үйлесімін синтездеу арқылы ұғыну дүниеге жаңа көзқарас қалыптастыруға себін тигізеді; ол ақпараттық көзқарас арқылы жүзеге асады; діни білім мен рухани тәрбие білім тарихының бір тармағы; оны педагогикадан тыс қалдыруға болмайды; арғы қазақтар мифологиясы қазақ менталитетінің негізі. Діни және дінсіз көзқарастарды біріктіретін бастау (субстанция) - ақпараттық көзқарас. Оны Ақпараттық Бірегейлік Әлемдік заңы тудырған. Ол материалистік және идеалистік, діни және дінсіз көзқарастар үшін де, білім мен дін, мәдениет үшін де тезистік тұжырым болмақ. Ақпараттық көзқарас қарама-қарсылықтарды біріктіреді. Діни және дінсіз көзқарастарды ақпараттық ыңғайда қарастыру арқылы ғана оларды өзара үйлестіре аламыз. Тұлғаның рухани көзқарастық тұтастығы, әлемнің бейнесін тұтас қабылдауы адамзат жасаған мәдениет компоненттерінің: философия, білім, ғылым, дін, өнер, әдебиет, техника, мифологияның өзара ықпалдастығы мен тұтастығына тәуелді. Аталмыш мәселелер жалғыз педагогика ғылымы мен тәжірибесі арқылы шешілмейді. Оған философия, теология, мәдениеттану, дінтану, мифология сияқты гуманитарлық салалардың зерттеу әдістері көмекке келуі тиіс. Осы ретте Педагогикалық мәдениеттануды жоғарыда талданған көпқырлы, философиялық мәселелердің басын қосып, өзіне зерттеу нысаны ете алатын саланың бірі ретінде санаймыз. Педагогикалық мәдениеттанудың бір ерекшелігі ол педагогиканың ғылым және өнер ретіндегі функциясын тұтас қарастырады.

1. Федорец Г.Ф. Проблемы интеграции в теории и практике обучения (пути развития.).- Ленинград: 1990.- С.84 15-16 стр.

2. Константинов Н.А., Медынский Е.Н., Шабаева М.Ф., История педагогики.- М.: Просвещение, 1982. - 6-19 стр.

3. Гершунский Б.С. Философия образования для 21 века. –М.: Совершенство, 1998. -С. 540.

4. Каноныкин Н.П., Щербакова Н.А. Методика русского языка в начальной школе. - Ленинград: Государственноеучебно-педагогическое издательство, 1941. - С. 170. стр.13.

5. Құдайберген А. Рухани адасу ұлтаққа жеткізбейді.- /Ел. 2006, 7.12. № 49(74), 6 бет.

6. Сартқожаұлы Қ., Әубәкір Д.Ә., Баева А.М. Ежелгі түркілік бөгу дінінің әлемдік діндерге тигізген ықпалына философиялық талдау.//Труды Четвертого Международного Евразийского научного форума. Под ред. С.А. Абдиманапова. –Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2005. -с. 334-338.

7. Гроф Кристина, Гроф Станислав. Духовный кризис. –М.: 2003. - С.26.

Резюме

Статья посвящена взаимодействию образования и религии, являющееся объектом исследования педагогической культурологии - новой отрасли педагогического знания, формирующейся на основе синтеза гуманитарного и естественно-научного, технического знаний. Автор на исторических фактах утверждает первоначальное применение буквослагательного метода обучения грамоте не в светских, а в церковных школах Древней Руси и казахских медресе. Научно-педагогические определения концептуального характера, впервые предлагаются автором статьи. В них отражено взаимодействие образования и религии, раскрывается значение религиозного подхода к учебно-воспитательному процессу. Автор подвергает критике отсутствие религиозного подхода к изучению в вузе жизнедеятельности классиков-педагогов.

Summary

This article is dedicated to the correlation between education and religion, which is expected to be an object of study of pedagogical culturology - as a new branch of pedagogical skills, formed on the basis of intercourse of social science and sciense, technical skills. The author criticizes the absence of religious approach to the study of classic pedagogical science among the universities.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЛЕКСИКИ СОВРЕМЕННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

С.Г. Нуриева –

диссертант Азербайджанского Государственного Педагогического Университета

Лексика, словарный состав - это материя языка. Звуковая речь не может существовать без лексики; грамматика отражает в себе связи и взаимоотношения слов, которые являются в речи смыслоносителями.

Мы должны заранее оговориться, что под словом нельзя понимать ту чисто орфографиическую единицу, которая часто называется в просторечии словом.

Слово живет и развивается только в целостном речевом комплексе, только в окружении других слов, во взаимоотношении с ними.

Попробуем оторвать слово от контекста: что значит, например, по-английски at? Что значит match? get? Наконец, простое слово table, которое в одном случае обозначает "таблицу", в другом - "расписание", в третьем - "стол"?

Особенно характерен в этом отношении именно английский язык, где благодаря отсутствию морфологических признаков, часто слово не только имеет различные значения, но и несет на себе различные грамматические функции (например, match не только значит "спичка", "матч", "брак", но и имеет глагольную функцию "подходить", быть "подходящим").

Слово не живет вне грамматической формы. Семантическое различие межу "am и mas", между "write" и "wrote", между "book" и "books", безусловно, существует, но оно является в то же самое время различием грамматическим. Для английского языка эта взаимозависимость не так ярка, как для других языков с развитым флективным строем, типа русского или немецкого языка. В английском языке это единство осуществляется преимущественно синтаксическими путями. Предложные конструкции место слова в предложении, ударение – ставят слово в другие взаимоотношения с окружающими его словами, влияя этим самым на оттенок его значения. Единство словаря и грамматики нарушается нами только в методических целях; но по существу – это две неразрывные стороны единого языкового процесса.

Главные общие методические выводы, которые становятся для нас обязательными особенностями на основе лексической стороны языка, следующие:

1. Всякая языковая единица, если только она обладает своим собственным, единым и специфическим значением и не может быть без ущерба для значения разложена на составные части, рассматривается нами, как отдельное слово.

2. При обучении языку слово должно фигурировать в связном контексте, в котором только и можно проследить многозначность слова, его грамматическую обусловленность, его жизнь. С изолированным словом мы будем иметь дело только после того, как оно воспринято в связном языковом целом; причем, мы выделяем, изолируем слово только временно, для того, чтобы, фиксировав на нем внимание, объяснить его, опять поместить его в связное языковое окружение - на этот раз уже для закрепления его в памяти учащегося, конкретно, в педагогическом процессе этот путь принимает следующую форму: текст - лексический анализ – упражнение на закрепление и употребление новых слов.

Когда мы говорим о лексике языка, мы имеем в виду весь его словарный состав, который обычно у развитых языков цивилизованного мира очень обширен и богат. Английский язык в силу специфических условий своего развития, главным образом, благодаря многочисленным, разнообразным и длительным воздействиям, которым он подвергался на протяжении своей истории со стороны других языков, принадлежит к числу самых богатых языков современности.

В английском языке широко развита "синонимика", при которой одно и то же понятие передается в языке рядом слов. Почти каждое слово германского происхождения имеет в английском языке синоним романского корня:

For ex answer - reply
Begin - commence
Teacher - master
Wait - expect and so on,
уже не говоря о простых синонимах.

Словарная область – это область, больше всех других нуждающаяся в рационализации. С давних пор, как только зашевелилась после реформы методическая мысль, стали стихийно искать способы рационализации словарного запаса, количественного и качественного нормирования словаря, вводимого во время учебного процесса. Однако от количественных и качественных норм словаря зависит как раз самый процесс успешного овладения словарным запасом, поскольку главные принципы - повторяемость и общеобязательность словарного материала, без которых немыслимо закрепление нужных и полезных учащемуся слов – недостижимы без точного нормирования словаря. Основным принципом, по которому они построены, является принцип строгой качественной регламентации и распределения словарного запаса.

– Учитель, для решения возникших проблем должен поверить в свое личное превосходство и в возможности, нести ответственность за результат принятых им решений;

– Он должен стремиться к интеллектуальному усовершенствованию, изучению других, самообучению и заниматься саморазвитием;

– Развивая воображение, его творческую способность, вдохновлять его к какому-либо занятию;

– Оказывать уважение личности ученика;

В школьные годы учитель не должен стараться преподносить окружающее в нашем видении и понимании. В противном случае, изолировав ребенка от своего внутреннего мира, мы можем нанести серьезный вред его образу чувств и мышления; привлекая к обыденности, мы можем погубить у него его необычность, оригинальность его творческое начало (2, 37).

Для талантливых учеников удачный учитель, прежде всего, должен быть хорошим учителем предмета, который любит и глубоко знает свою дисциплину. В дополнение к этому, он должен иметь такие качества, что каждый школьник смог вступать в общение с ним. Для малолетних учеников авторитет учителя очень высок, самой заметной стороной этого является то, что они беспрекословно выполняют указания учителя. Подобное надежное исполнительство во многом оказывает положительное влияние на усвоение. Взаимоотношения учителя с учениками должны быть направлены на оптимальное развитие способностей, должны носить характер помощи, защиты, учитель не должен быть приказывающим, дающим указание лидером.

Талантливые дети для развития своего таланта должны быть свободны от пространственного и временного деления, они должны быть обучены согласно обширному учебному плану и они должны ощутить на себе индивидуальную заботу и внимание со стороны учителя. Обширная временная рамка дает толчок развитию проблемно-поискового аспекта. Здесь важно не к чему обучать, а как обучать.

Согласно мнению многих специалистов, знание бывает эффективным, когда оно усваивается не только памятью, но и мыслью. А.Т. Эдисон говорил: «Главная цель цивилизации – научить человека думать» (5, 64).

Если талантливому ребенку в решении задач предоставляется возможность не торопиться, и не бросаться от одной к другой, то быстро найдет секрет связи между событиями и научится внедрять свои открытия на практике.

Талантливые дети чувствуют потребность в индивидуализированной программе обучения. Учителя, работающие с такими детьми должны пройти специальную подготовку. Именно такие дети с высоким интеллектом больше всего чувствуют потребность в своих учителях.

Наряду со всем этим, учитель должен определить к какому типу таланта относится ребенок. Дело в том, что детям, относящимся к различным типам таланта необходим различный подход, потому, что их проблемы различны и здесь у учителей и у психологов должны быть различные системы работы с детьми. Учитель должен знать типы таланта:

1. Он должен правильно оценить возможности ребенка и оказать ему помощь в решении его проблем, дать правильное направление ребенку в выборе будущей карьеры.

2. Не зная тип таланта, а некоторые, не замечая своеобразия в умственной и творческой деятельности ребенка, могут это воспринять как недисциплинированность или как странность. И поэтому учитель должен иметь в виду эти особенности.

Для определения какого-либо уровня этой проблемы, которая все еще для исследователей кажется чудным, учитель должен видеть и отличить основные типы таланта своих учеников.

Понимание типологии талантливости является первым и необходимом шагом, сделанным учителем на путях конкретной работы с этими талантливыми учениками, помощью укреплении в развитии, укреплении, и в претворении в жизнь их ярких возможностей.

Можно сказать, что техника специальной подготовки учителей как талантливых, так и обычных детей идентична. Разница заключается во времени, выделенной различным видам деятельности. Вместо того, чтобы самим ответить на вопросы, они поручают сделать это ученикам. Они часто спрашивают мнения учеников, мало объяснив, много слушают. И в технике поставленных вопросов имеются различия. Учителя талантливых детей больше задают открытые вопросы, помогают обсуждениям. Они поощряют учеников выйти за рамки простых ответов, они должны их привлечь, к тому, чтобы они задавали содержательные вопросы. Они, прежде всего, стараются, чтобы поняли, как ученики приходят к решению, оценке, к выводам. Многие учителя стараются выразить свое отношение в классе каждому вопросу устно, или в другой форме, а учителя талантливых учеников ведут себя как психотерапевты. Так как они должны воздержаться проявлению своего отношения к каждой мысли, внимательно и выслушать ответы, но, открыто не должны оценивать эти ответы, с выбором различных приемов должны показать согласие с этими ответами. Такое поведение приводит к тому, что ученики мало зависят от своего учителя и больше бывают во взаимных отношениях друг с другом. Учитель всегда должен защитить своих талантливых учеников и оказывать им помощь. Даже если мнение ученика не будет соответствовать мнению учителя, личность такого ученика должна быть объектом уважения.

Большинство учителей талантливых детей ищут среди отличников, тех учеников, которые раньше всех, подняв руку, отвечают, получают высокую оценку, считаются талантливым ребенком. Их будущее связывают большими надеждами.

А как быть с учениками, которые плохо учатся? Согласно мнению П.Торранса, и отстающие дети также способны, но их эти способности неакадемичны, их способности бывают другого направления (6).

При работе с талантливыми детьми организационное вмешательство и педагогическое мастерство учителя не ограничивает личность, которая находится на стадии развития, наоборот увеличивает веру ребенка в свои силы, в свою возможность в достижении успеха и защищает. Наряду с этим необходимо ребенка, желающего достичь преимущества в развитии своего таланта, приучить упорному труду. Жизнь и человеческая натура таковы, что ученик, готовый к преодолению внешних и внутренних преград и трудностей только тогда достигает успеха.

Для развития творчества у талантливых детей учитель должен быть личностью. Согласно М.Карэлеру, для плодотворной работы с талантливым ребенком учитель должен быть добрым, чутким, целенаправленным и упорным, выделятся со своим живым и активным характером, иметь концепцию позитивного «я» (6).

В виду того, что талантливые ученики в себе воплощают несколько психологических особенностей, каждый учитель должен иметь в виду эти особенности: 1. внимательность, собранность, всегда быть готовым к напряженной работе; 2. постепенное превращение обучения наукам во внутреннюю потребность; 3. динамика мышления, скорость мысленного процесса, системность интеллекта (ума), высокие способности анализа и обобщения (1).

Наконец, приходится заключить, что учитель, прежде чем работать с талантливыми детьми должен принять во внимание их психологические особенности, находить и выявить таких детей, знать приемы работы с ними.

1. Агаев Ш. Таланты должны быть на попечении // газета «Проблемы образования». № 75-76 (346-347), 11-20 января 2008 (на азерб.яз.).

2. Байрамов А. Выбор талантливых и некоторые психологические проблемы их развития // журнал «Азербайджанская школа», №7, 1990. -стр. 34-40 (на азерб.яз.).

3. Гасанов Р. Талантливые дети и возможности и пути их подготовки к исследовательской работе. I часть // газета «Проблемы образования». №13-20 (361-362) 01-10 апрель 2008 (на азерб. яз.).

4. Касумов М., Байрамов А. Талантливая молодежь наша национальное богатство // журнал «Азербайджанская школа», № 6-7, 1991. -стр. 34-43 (на азерб. яз.).

5. Мехрабов А., Бейляров Э. Развитие ученического интеллекта. –Баку, 2006. -191 стр. (на азерб.яз.).

6. Рагимова Ф. Роль семьи, школы и социальной среды в выявлении таланта // газета «Проблемы образования», № 67-68 (410-411) 01-10 декабрь 2000 (на азерб. яз.).

Түйін

Мақалада автор талантты оқушылармен жұмыстағы мұғалімнің рөлі туралы тоқталады.

Summary

Article deals with placement of the problem of talent in pedagogical-psychological studies, history of research of the problem of talent and approach of the specialists to this problem. Here the research works, literatures written and published in different terms.

СВЯЗЬ ОБУЧЕНИЯ ГЕОМЕТРИИ В ШКОЛЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

М. Алышов – *к.п.н., доцент,*
Азербайджанский Государственный Педагогический Университет

Из опыта преподавания геометрии в общеобразовательной школе (как подготовительный, так и систематический курсы) известно, что основные трудности учащихся при изучении дисциплин математического цикла, падает на долю геометрии. Это исходит из одной стороны – что геометрия дедуктивная наука, нелегко дается осмыслению, с другой стороны – недостаточно совершенная методика обучения.

Мы в данной статье постарались обратить внимание на методические вопросы преподавания геометрии в школе.

Цели изучения геометрии (и других дисциплин тоже) в школе всегда было связано с заказом общества, требованиями жизни. В содержании учебных программ и учебников по геометрии данный принцип в какой-то мере нашел свое отражение [1]. Так как, геометрия, изучающая формы материального мира, охватывает все многообразие объектов в их возможных соотношениях. В классической определений математики - " количественные отношения и пространственные формы реального мира" – лаконично указано неразрывная связь геометрии с другими разделами математики. Геометрия имеет связь с такими науками, которые играют важную роль в развитии общественного производства, представляющими научную основу современной техники. Действительно, в любой области технического производства, где имеется дело с предметами реального мира, необходимо знание свойства пространственных форм, что является основой характеристики этих предметов. Поэтому, геометрии принадлежит важную роль в реализации связь обучения математике с жизнью. Именно геометрия, из школьных математических дисциплин считается более важным в реализации политехническом образовании учащихся.

Из истории советской системы образования известно, что исходя, из перспективы развития общества свое временно были предприняты соответствующие законы, постановления, декреты о развитии среднего, среднеспециального и высшего образования в бывшем СССР. Во всех этих законах (указаниях) были представлены связь обучения отдельных предметов с жизнью. В результате реализации этих связей ученики приобрели необходимые практические умения и навыки, которые были необходимы для выбора будущей профессии [4]. И это является главным принципом обучения в школе и на сегодняшний день также актуально. Несмотря на то, что в современном образовании в целом, компьютеры и компьютерные технологии играют решающую роль и в профессиональной ориентации подрастающего поколения.

Политехническое образование учащихся в школе, с применением компьютерной технологии, становится более актуальным [4]. В актуализации этой проблемы геометрия, как учебная дисциплина играет незаменимую роль. Так как, геометрия в школе изучается: 1) в составе

интеграционном курсе и часто ее называют "подготовительным курсом геометрии", который охватывает I-VI классы школы; 2) в качестве систематического курса геометрии в VII-XI классах.

Подготовительный курс геометрии является основой для изучения ее систематического курса. И на первом и на втором этапах изучения геометрии требуется соблюдать научной и педагогической строгости требований. В процессе обучения подготовительному курсу следует учесть разумное сочетание научных и педагогических принципов без искажения научности учебного материала.

Для реализации элементов политехнического образования на уроках геометрии, ученики должны осознать, что предметом изучения геометрии являются пространственные формы окружающего мира.

Изучению подготовительного курса геометрии характерно наглядно-индуктивный подход с непосредственного восприятия пространственных объектов и выявления наиболее общих закономерностей, определяющих их свойства и взаимоотношения. Дальнейшее изучения геометрического материала по преимуществу идет дедуктивным путем. Особое внимание уделяется развитию пространственных представлений и воображений. Отличительная черта изучения геометрических понятий (фигур). Это изложение материала сопровождается макетами, образами, что дает возможность учащимся самим изготовить изучаемых фигур. Таким образом, ученики постепенно приобретают навыки трудового, политехнического характера.

Сначала, вкратце ответим на вопрос: "Что понимается под политехническим обучением геомет-рического материала в I-VI классах или связь изучения геометрических понятий с жизнью?"

Каждый учитель математики должен иметь ясное представление о задачах политехнического обучения в процессе преподавания геометрии. Для этого нужно: 1) знать теорию геометрии и 2) при изучении геометрического материала показать, как используется свойства геометрических фигур в практической деятельности человека. Раскрытие связей теории с практикой в технике, в сельском хозяйстве, при измерении на местности (и в школе), моделирование и т.п. составляет основу политехнического обучения геометрии. Такой подход способствует наиболее полному и глубокому изучению геометрического материала.

Связь обучения геометрии с жизнью, с трудом, с практикой содействует обеспечению прочного и сознательного усвоения основ наук геометрии. Овладением умениями и навыками, необходимыми как для общего развития учащихся, так и для творческой работы в их последующей трудовой деятельности, с формированием таких понятий, которые отвечают нуждам и целям современной техники [2].

Задачи политехнического обучения в процессе преподавания геометрического материала ставит ту же цель, что и реализация теоретических знаний на практике, в жизни. Следовательно, политехническое обучение в преподавании геометрии нельзя рассматривать изолированно от принципа осуществления связи обучения с жизнью с производством, с повседневной практической деятельностью человека.

Теперь рассмотрим, какими путями можно осуществить связь обучения геометрического материала с жизнью, с практикой.

Известно, что математические знания становятся действенными, когда находят применения на практике. Так как связь теории с практикой способствует более глубокому и осмысленному пониманию изучаемого материала и повышает интерес учащихся к теоретическим знаниям. Следовательно, это является одним из основных путей осуществления связи обучения геометрии с жизнью.

Второй путь реализации связь обучения геометрии с жизнью – это закрепление изученного материала в процессе решения задач. Однако, такой подход недостаточен для осуществления связи. На уроках геометрии или работая с геометрическим материалом, можно провести практические работы следующего содержания:

- простейшие задачи на построение,
- измерительные работы на местности: провешивание прямой, построение прямого угла, прямоугольника и т.д.
- изготовление из бумаги или из картона моделей плоских и пространственных фигур,

- съемка плана и на основе готового плана описывать искомого объекта.

Третий путь – привлечение учащихся к работам – технического творческого характера. Разные технические кружки, способствуют развитию юного поколения для технического прогресса в нашей стране.

В педагогической литературе, посвященной проблеме политехнического обучения в общеобразовательной школе, обращается особое внимание на развитие учащихся таких качеств, как умение критически анализировать, проявлять инициативу, творчество, изобретательность, решать несложные конструктивные задачи и т.д. [3]. Так как при изучении геометрии в школе применяются различные средства, конструктивных приборов и инструментов, что дает возможность в процессе обучения развивать техническое изобретательство и конструкторские способности учащихся.

Связь обучения геометрии с жизнью можно реализовать по следующим содержательным линиям:

1. Раскрытие связи теории с практикой в преподавании геометрии на основе:
- связи геометрии с другими науками,
- связи геометрии с техникой, производством.

2. Подготовка учащихся к творческому труду на производстве:
- развитие основных психологических компонентов творческого процесса: воображения, наблюдательности, логического мышления, смекалки,
- развитие изобретательности конструкторских способностей, воспитание инициативы, уверенности в свои способности к созданию нового,
- умение выбирать наиболее рациональные пути к достижению поставленной цели; формирование критического образа мышления,
- выработка необходимости творческого отношения к окружающей действительности [2].

Теперь рассмотрим вкратце межпредметные связи между школьными дисциплинами геометрией, физикой, астрономией и черчением.

Действительно, целые разделы физики: механика, геометрическая оптика, теория электростатического и электромагнитного поля и др. излагаются, опираясь на геометрию.

При определении размеров небесных тел, расстояний между ними и т.д. используется геометрические знания – в астрономии.

При теоретическом обосновании чертежным приемом построений опираются на геометрические факты или на свойства геометрических преобразований.

Для обеспечения эффективного усвоения геометрических понятий и их свойства в процессе обучения, необходимо сопровождать раскрытием их значения в технике, в повседневной жизни, решением задач практического содержания, выполнением соответствующих построений. Такой подход в обучении геометрии будет способствовать и повышению Интереса учащихся к геометрии – как учебной дисциплине. В процессе обучения, изучая геометрическую фигуру, затем необходимо рассмотреть объекта, который является прообразом данной фигуры, и указать роль или значение этого объекта в жизни. Например, изучая шар или сферу с геометрической стороны, нужно вскрыть причину широкого применения этой совершенной формы в природе, в технике и в быту.

При изучении геометрии иногда бывает очень эффективным – подход "обучение через решения задач". Через практические вопросы и задачи учитель переходит к изучаемому вопросу. Такая методика выдвигает на первый план прикладное назначение учебного материала. Например, "Как определить размеры цилиндрического бака для хранения данного количества воды?"

В процессе обучения геометрических понятий задачи должны применяться по назначению и опираясь на известный принцип "Гальперина-Галызина" – сущностью которого является следующая схема: "закрепление с применением стандартных задач; далее с применением не стандартных задач в не стандартной ситуации".

Последний этап решения задачи развивает у ученика творческий подход к исследуемому объекту.

В зависимости от характера (содержания) изучаемой темы предлагается задачи на вычисление, на доказательство, на построение. Предпочтение дается тому виду задач, который непосредственно служит закреплению данной темы. Мы в данной статье рассмотрит роль и значение геометрического материала при осуществлении связь обучения с жизнью, с практикой, указами общеметодические подходы.

1. Богутевский К.С. Вопросы предования геометрии в восмилетней школе. -М.: Просвещение, 1964. -110 с.

2. Трубецкой М.Н. Развитие способностей учащихсяк к техническому творчеству на уроках геометрии. М.: Учпедчиз, 1963. -84 с.

3. О преподавании математики в восмилетней школе, под ред. А.Д. Семутина. М.: АБА РСФСР, 1961. -176 с.

4. Гамидов С.С. Методика обучения математике в I-IV классах школы. -Баку, 2006. -350 .

Түйін

Жалпы білім беретін мектептерде геометрия пәнін оқыту тәжірибесінен белгілі болғандай оқушыларды математикаға үйрету барысында негізгі қиындық геометрия үлесіне тиеді. Бұл бір жағынан геометрияның жеңіл емес екенін білдірсе, екінші жағынан оқытудың жеткілікті әдісінің болмауынан. Мақала жаңа кезеңде геометрияны мектепте оқытудың байланыстары туралы.

Summary

In current article the following questions are reviewed by us:

1. Necessity to renew the role and importance of polytecknic education in present level-computer technology when working skills and habits are got in real practice.
2. The role and importance of geometric material in actualization of polytechnic education.
3. The ways of realization relation between education of geometry and life.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ МЕН ЫНТАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Б.Қ. Әбдіғұлова - *п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессор*

Тарих сабағына оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттыруда, есте жақсы сақтауында, тарихи материалды әсерлі әрі түсінікті оқып үйренуде көркем әдебиетті, хрестоматия, тарихи дастандар, естеліктер, анықтамалықтар, фольклорлық, этнографиялық, мұрағаттық материалдардан үзінді, мұражайлар, көрмелердің мүмкіндіктерін пайдаланған тиімді. Жоғарыда аталған қосымша материалдардың әр қайсысы өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерімен ажыратылады. Олардың біразы сол заманның куәгерлері немесе оқиға болған уақыттың бер жағында өмір сүріп бізге жеткен тарихи шығармалар. Мұндай туындыларды пайдаланғанда автор қандай көзқараста екенін, қандай әлеуметтік топтың мүддесін қолдап отырғанын дұрыс анықтап алған жөн. *Көркем әдебиет* шығармаларында көпшілік жағдайда тарихи шындық бейнеленеді, оқушылардың көз алдынан тарихи оқиға, ұлы тұлғалар бейнесінің әсерлі сипаттамасы елестейді. Мәселен, осындай материалды сабақта талдаған соң, орта ғасырдағы жәрмеңкеге бара жатқан шаруа, не қолөнерші туралы әңгіме құрастыр деген тапсырма беру арқылы, оқушылардың тарихи кезең туралы нақты және толық ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар көркем әдебиет шығармаларын сыни тұрғыдан бағалауға үйренеді, ондағы қандай оқиға шындық, ал қайсысы ойдан шығарылғанын талдап көз жеткен соң, өз ойын дәлелдеуге ұмтылады.

Мұғалім әңгімесінің бейнелі, нақтылы, әсерлі болуы оған оқулық мәтінінен басқа түрлі дерек көздері мен көркем әдебиеттен мәтіндерді байланыстыра отырып әңгімелеу септігін тигізеді. Мұғалім көркем әдебеттен ең айқын, әсерлі, түсінікті үзінділерді іріктеп алып, тарихи оқиғаға немесе қайраткерге сипаттама береді. Көркем әдебиетті пайдалану оқушылардың

тарихтан білімдерін тереңдетуге, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Мұғалім көркем әдебиеттің мазмұнымен жақсы таныс болуымен қатар одан ең маңыздыны таңдап алып, үзіндіні пайдалануы және жаңа материалмен ұштастыра білуі қажет. Мұғалімдер тәжірибесінен байқағанымыздай, олар жаңа материалды түсіндіру барысында тарихи оқиғаға байланысты көркем әдебиеттен қысқа да нұсқа, әсерлі үзінді пайдаланады. Көркем әдебиеттен есте жақсы сақталатын әсерлі, бейнелі эпизодтар, айқын суреттемелер, эпитеттер, қысқаша суреттемелер, өткір де даналы сөздер қолданған тиімді. Мұндай жағдайда мұғалім әңгімесі баи түседі, тартымдылығы артады. Сонымен қатар оқушыларға өздігінше көркем әдебиетті оқып келіп, ондағы ең маңыздыны таңдап, сол үзіндіні сабақта пайдаланып, оны талдау, оқушылардың ой-өрісін дамытуға елеулі үлес қосады. Оқушыларға бірқатар көркем туындылар әдебиет пәнінен белгілі болғандықтан, пәнаралық байланыс арқылы түрлі проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою арқылы, кесте толтыруы нәтижесінде естеріне түсіріп отырған да пайдалы.

Сабақта мұғалім оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыруда ауызша әңгімелеудің сан алуан түрлерін: сюжетті әңгіме түрінде хабарлау, картина бойынша суреттеп айту, тарихи оқиға, құбылыс және жеке қайраткерлерге сипаттама беру, конспект, тезис түрінде баяндау, түсіндіруді пайдаланады. Әдіскерлердің айтуынша, сюжетті әңгіме түрінде баяндау - белгілі тарихи сюжеті бар, көбінесе шиеліскен, қайшылыққа толы жағдайды толыққанды және әсерлі түрде хабарлап беру жатады [1;2;3]. Мұндай әңгімелеп беру әдісі Отан тарихының аса маңызды, шиеліскен оқиғаларын, құбылыстарын, мысалы, Аңырақай шайқасын, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісін, "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" жылдарындағы батырлар мен билердің ерлігі туралы тақырыптар баяндалған кезде қолданған тиімді. Сюжетті әңгімелерге қызықты эпизодтар, қайраткерлерге берілетін сипаттамалар, тарихи оқиғаға қатысушы адамдардың диалогтары мен монологтарын кірістіру, мәтінге назар аударатын қанатты, мәнерлі сөздер, салыстырмалар, эпитеттер, афоризмдер т.б. Мәселен, "Қазақстанның Жоңғар басқыншыларына қарсы соғысы" тақырыбын оқып үйренуде мұғалім әңгімесіне Төле би мен Бұқар жыраудың мына сөздерін пайдалануға болады.

"Уа, көсіле шабар жерің бар,
Ту көтерер ерің бар.
Қол боларлық елің бар,
Атадан қалған жолың бар...
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Еркек болып туды деп.
Мына сені кім айтар!"
Төле би (4,273).
Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан.
Батыр шыққан даңқыңнан,
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай"
Бұқар жырау (5, 273-291).

Озат мұғалімдердің тәжірибелері, әдістемелік зерттеулер жоғары сынып оқушыларының қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмір-тұрмысының тұтас көрінісін картина бойынша суреттеу, "өткенге саяхат" түрінде құрылған театрландырылған сабақтарды, сюжетті әңгімелерді едәуір жақсы меңгеретіндіктерін көрсетіп отыр. Әдіскер Г.Р. Косованың кітабында "саяхатты" суреттеп беру үлгісі келтірілген [6, 119-121]. Суреттеу сондай-ақ жеке елдердің табиғаты мен оны мекендейтін халықтардың қоғамдық өмірі мен тіршілігін суреттеп беру үшін де пайдаланылады. Мәселен, 8 сыныпта "XVIII ғасырдағы

Қазақстан мәдениеті" сабағында Ресей ғалымдарының Қазақстанды ғылыми зерттеуі, олардың еңбектеріндегі еліміздің жағырафиясы, тарихы және этнографиясы туралы мәселені қарастырғанда қазақтың кең-байтақ жерін, табиғи ерекшелігін сөзбен шынайы сипаттаған, суретпен бейнелеген поляк суретшісі Бронислав Залесскийдің альбом кітабын пайдаланған тиімді [7,12]). Автор "Қазақ сахарасына саяхат" еңбегінде керуен жолдарының ма-ңызы, ондағы жолбасшының атқаратын айрықша рөлі туралы әңгімелейді. Бұл қосымша материалды пайдалану оқушылардың тек қызығушылығы мен ынтасын арттырып қоймайды, сондайақ жолбасшының атқарған маңызды да жауапты міндетін көрсетумен қатар, кең-байтақ еліміз, оның өмір тынысы, тіршілігі мен сыры туралы оқушыларда әсерлі сезім қалдырады. Керуен жолы жәй жол емес, қиын да қауіпті, қатерлі. Өйткені, ол адамнан шыдамдылықты, төзімділікті, тапқырлықты, батылдықты, табиғаттың қыр-сырын жақсы білуді талап етеді. Қазақ халқы табиғатпен етене-тығыз байланысты болғанын, оның қыр-сырын жақсы білгенін айқындайтын Б.Залесскийдің "Қазақ сахарасына саяхат" еңбегінен төмендегідей қосымша материал қолданса, сабақтың әсерлігін арттыруға едеуір ықпал жасайды.

Жабырқау жатқанына қарамай осынау өлкенің өз сұлулығы да бар. Құдай өзі жаратқан әр түкпірге әр түрлі әдемілікті еншілеп беруді әсте ұмытпайды. Еуропалық тіршілікті еске салар мұнда ештеңе болмаса да, тағдыр тәлкегі қуалап батыстан әкелген адамды осынау сұлулықтың өзі-ақ тәнті етер еді.

Арнайы салған жолы жоқ, құдықтары да сирек ұшырасар маң далада бағытыңнан сан жаңылсаң, бір тамшы су таппай күні бойы адасуың мүмкін, сондықтан жолбасшысыз жол жоқ. Қазақтар дала сырына жетік, түн баласы жұлдыздарға қарап бағдар алады. Ал жатжерлік болса жергілікті жұрттың әдеп-ғұрыптарымен танысу үшін де жолбастаушы жалдауға мәжбүр. Ауыз су табу, аттар мен түйелерге жайылым қарау, төте жол іздеу, көбіне қой етінен әзірленетін тағамды тауып, оны пісіру, міне мұның бәрі де жолбасшының міндеті. Әдетте, ол керуеннен өн бойы алда жүріп, жол нұсқап отырар еді.

Әнеки, ол кеңістіктегі жалғыз ноқаттай болып алыста кетіп барады. Басқаларға қарағанда тезірек қимылдайтын жолбасшы демалар орынды тауып берген соң, шөп үстіне тыныстауға қисаяды. Керуен тоқтаған кезде ол тағы да атына мінеді. Әдетте, екі жолбасшы болады да, бірі керуеннің жанында қалғанда, екіншісі жан-жақты шарлай кезіп жүріп, не бір құдық, не бір іркінді су болса іздеп табады. Содан соң жолбасшы ежелгі телеграфтардың белгілеріне ұқсас бір-біріне алыстан қол сермесіп, хабар берер еді. Алғашқы жолбасшы атын желе жорттырып, шығыстан батысқа қарай бірнеше шеңбер сыза немесе бірден бетін шығысқа беріп жүрер еді, кейде бағдар бағаны сияқты орнынан қозғалмай сіресіп тұрған оның тұлғасы көкжиектен көрінер еді.

Болмаса ол айналаны шиырлап болған соң, бір биіктің басына шығып алып, атының жанында жайбарақат қисайып жатар еді. Бұл - әрбір қазақ жатқа білетін дала әліппесінің беташары ғана. Керуен жанында қалған екінші жолбасшы оның белгісі бойынша көшті керекті бағытқа бұрып отырады" [7,12].

Б.Залесскийдің еңбегінен үзінді пайдаланғаннан кейін, осы кітаптағы автордың өзі салған суреттерге: қазақ даласының өмірі, әдет-ғұрпы, табиғаты бейнеленген көріністерге оқушылар назары аударылады. Оқулық мәтіні, қосымша әдебиеттен үзінді, картина бойынша суреттеу әдісін пайдалану арқылы, оқушылар дәуірдің тұтас көрінісін елестете алады.

"Қазақстанның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениеті" сабағында қазақ халқының өмірі, қарапайым адамдардың тұрмысы, әйелдердің образдары бейнеленген иллюстрацияларды қолданып, тұрмыс жағдайын әдеби көркем тілмен суреттеп және оқушылардың сезіміне әсер ететіндей баяндау әдісі ретінде диалогты әңгімелескен тиімді.

Мұғалім көркем әдебиеттен үзінді оқымас бұрын, оқушылар алдына төмендегідей таным тапсырмаларына жауапты ойластыруды тапсырады. "Оқулық мәтіні, оқыған көркем әдебиеттен үзінді, иллюстрация негізінде XIX ғасырдағы қазақ әйелдерінің образын көз алдарыңа елестетіңдер. Оның өзіне тән қасиеттерін, ерекшеліктерін, рухани және дене қуатын сипаттаңдар".

Н.Северцов "Қазақтың өжет әйелдері" деген зерттеуінде былай деп жазды: "Қырғыз (қазақ) әйелдері еркін ойлылығымен ерекшеленеді, билікті мойындамайды. Ол өмір бойы біт-

пейтін үй тіршілігінде жүрсе де, күң емес, қайта ол үйдің шын мәніндегі бикесі, билеушісі. Жалқау күйеу әйеліне бағынышты, тек жұмысқа салмаса болғаны, ал кейбір өжет әйелдер күйеуін жұмысқа жегуден тартынбайды.. Ауылға жау шапса, еркектер қаруын ала сала жылқыға жөнеледі, ал әйелдер ауылды қорғайды. Содан соң барып шапқан жауға ерлер лап қояды". "...Жалпы, қырғыздар әр уақытта тың, қайратты халық болып көрінеді, мінездері жөнінен байсалды әрі ақылды екенін зер салып қараған адам бірден байқайды.

...Аққұбаша, қызыл бет, бидай өңді, ойнақы қара көзді, сопақ бет осы әйелді Еуропа ұғымында да әдемі сұлулардың қатарына қосуға болады. Оның үстіне кең шапан, кең шалбар еркектерше жарасып-ақ тұр. Тек бас киімі ғана әйел екенін білдіреді, ол басына ақ орамал салыпты, оның астынан қара шашы иығына дейін төгіліп тұрды... қырғыз әйелі атқа шапқанда, еркектерден бір кем емес..." [8,119].

Радлов қазақ әйелдері туралы былай деп жазды: "Қалмақ әйелдеріне қарағанда, қазақ әйелдері едәуір бостандықта, ерікті. Олар түрлі мерекелерге қатысады, тіпті әйелдер үшін арнайы киіз үйлер тігіледі, кейде тіпті, тек әйелдер мерекесі болады" [9,14]. Бұл деректемелерден қазақ әйелдері туралы қандай тың пікірлермен таныстыңыздар? Сол кездегі қазақ әйелдері туралы қандай қорытынды жасауға болады? - деген сұрақтар қойылып, оған жауап алынады.

Сабақта пайдаланылған тартымды үзінділер, әсіресе шет елдердің ғалымдары мен саяхатшыларының қазақтардың: өмір-тіршілігі, тұрмысы, әдет-ғұрпы, мәдениеті жайлы жазған естеліктері мен зерттеулерінен үзінділер сабақты жандандырып, әсерлігін күшейтуге себін тигізері мол.

Оқушыларға: "Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері", Б.Залесскийдің "Қазақ сахарасына саяхат", "Қазақтар" (Алматы, 1998, 9 томдық) және басқа кітаптармен танысу ұсынылады.

Оқушылардың жоғарыдағы қойылған таным сұрақтарына жауаптары тыңдалып, толықтырылады. Мұғалім материалдық мәдениет ескерткіштерін сипаттағанда, тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметіне баға бергенде құжаттардан, көркем әдебиеттен үзінді енгізуі, әңгіменің бейнелі, әсерлі болуы, оқулық материалымен ұштастырылуы жиі қолданылатын тиімді тәсілдер.

Оқушылардың Отан тарихына деген ынтасын, сабақтағы белсенділігін арттыру мақсатында мұғалім әңгімесінде тарихи оқиғаларды, құбылыстарды әсерлі түрде баяндау тарихи дәуірді түсінуге, жеке қайраткерлердің, қарапайым адамдардың көзқарасын шәкірттердің дұрыс бағалауына көмектеседі.

1. Вагин А.А. Методика обучения истории в школе. - М.: Просвещение, 1972. -351 с.

2. Ефимов А.В., Редко А.З. Развитие логического мышления школьников в процессе обучения истории. -М.: АПН РСФСР,1958.

3. Лернер И.Я. Критерии сложности некоторых элементов учебника./В кн.: Пробл.школьн. учебн., 1974, Вып. N1. -С.47-58.

4. Шешендік сөздер. -Алматы: Отау, 1992. -189 б.

5. Негимов. Шешендік өнер. -Алматы.,1997.

6. Косова Г.Р. Изобразительное искусство в преподавании истории. -М., 1966.

7. Заллеский Б. Жизнь казахских степей. -Алматы: Өнер, 1991.

8. «Қазақтар». «Казахи» Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. -Алматы: Қазақстан даму институты,1998.

9. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких,орд и степей.-Алматы.,1996. -187 с.

Резюме

В статье рассматривается о методическом пути развитие интереса учащихся к предмету истории.

Summary

In article development of interest of pupils to a history subject is considered about a methodical way.

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

У. М. Әбдіғапбарова - *п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті,*
Б.Қ. Бодауова - *аға оқытушы, Семей мемлекеттік педагогикалық институты*

Қазақстанның қоғамдық-экономикасында болып жатқан өзгерістер жоғары және арнайы орта білім беру жүйесінің бүгінгі жағдайына және дамуына маңызды ықпал етуде. Қоғамда жаңа әлеуметтік мәдениет жағдайында жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуде ынталы, шығармашыл белсенді, білім берудің тиімді жолдарын таба білетін, алғыр да қабілетті педагогқа деген сұраныс жылдан-жылға өсуде. Тұлғаның еркін, шығармашыл дамуына, өзін көрсете білуіне, өз өмірін дұрыс дамытуына жәрдемдесетін аталған қасиеттерді өзі жетік меңгерген мұғалім екені баршаға мәлім. Осыған орай музыка мұғалімінің маман ретінде кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптасуы және дамыту мәселесінің көкейкестілігі күннен-күнге артып отыр.

Бүгінгі жоғары педагогикалық оқу орындарында музыкалық-педагогикалық қызметтің нақты бір саласында қойылған міндеттерді тиімді шешуге қабілеті бар музыка мұғалімі даярлануы қажет.

Музыка мұғалімінің қызметтік іс-әрекетін зерттеушілер оның күрделі де, көпқырлы екенін атап көрсетеді. Мектептегі музыка пәні мұғалімінің қызметі педагогикалық, музыкатанымдық, ағартушылық және музыка-орындаушылық, соның ішінде оның құрамдас түрінің бірі болып саналатын хормен жұмыс істеу әрекетін қарастырады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өзінің ісіне шығармашылықпен қарайтын музыка мұғаліміне педагогика, психология, музыкалық өнер саласынан алған білімімен шектеліп қалуға болмайды, оған тұлғаның кәсіби-шығармашылық әлеуетін белсендендіруге, кәсіби-шығармашылық белсенділікке жоғары мотивациялық даярлығын қалыптастыруға, кәсіби дербестікке, әсіресе хормен жұмыс істеу әрекетіне ықпал ететін ерекше тұлғалық қасиеттерді, арнайы білім мен іскерлікті меңгеру қажет [1].

Музыкалық педагогика мен психология білім алушының шығармашылық әлеуетін белсендендіруде бірқатар әдіс-тәсілдерді, амал-жолдарды жинақтады. Оны осы салада орындалған зерттеулер дәлелдейді. Олар педагог-музыканттың кәсіби шығармашылық проблемасына елеулі үлес қосып отыр. Алайда, бұның бәріне қарамастан кәсіби-шығармашылық ойлау қабілеті белсенді, ынталы музыка мұғалімін даярлауға сұраныс бұрынғысынан да артып отыр.

Жоғарыда аталған зерттеулерге жасаған психологиялық-педагогикалық талдау және жоғары педагогикалық оқу орындарында музыка мұғалімін оқыту процесінің дәстүрлі бағдарлылығы білім алушылардың шығармашылық еркіндіктің дамымағандығын, кәсіби-шығармашылық белсенділігінің қалыптасуына мотивациялық даярлығының төмендігін, студенттердің шығармашылық әлеуетінің жеткілікті жүзеге асырылмағандығын айғақтайды. Осы айтылғандарға байланысты бүгінгі жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру қажеттігі мен бұл проблеманың бұрын соңды зерттелмеуі арасында; меңгертілетін базалық пәндердің шығармашылық әлеуетінің маңыздылығы мен олардың оқу процесінде жеткіліксіз жүзеге асырылуы арасында; болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін хормен жұмыс істеу барысында қалыптастыру қажеттігі мен оған практика жүзінде аса назар аударылмайтыны арасында *қарама-қайшылық* анық байқалады.

Тұлғаның шығармашылық белсенділігі проблемасын қарастырған философтардың, психологтар мен педагогтардың еңбектеріне талдау жасай отырып, олар «шығармашылық» ұғымын екі бағытта жіктейтінін байқауға болады: шығармашылық - материя атрибуты ретінде және шығармашылық қызметтің жоғарғы нысаны ретінде. Ал «шығармашылық белсенділікті» бірнеше сала бойынша саралайды: тұлғаның құралы ретінде; қызметке қатынасы ретінде; интегративтік; тұлғаның мақсаттық сапасы және т.б. Мысалы: Н.К. Энгельмейер [5] ұстаздың тұлғалық көпсалалы интегративтік сапасы, актер өнерінде, витуоз орындаушыда,

ораторда, насихаттаушыда, әкімшілікте, зерттеуде, тәрбиешіде және оқытушыда «шығармашылық белсенділік» байқалады десе, И.Я. Лернер, А.Р. Леонтьев, И.И. Пидкасистый оны жалпы шығармашылық белсенділік және оқу үрдісіндегі шығармашылық белсенділік бағытында қарастырады [2].

Бүгінгі таңда көптеген ғалымдар шығармашылық белсенділікке ынталандыру мақсатында түрлі теориялар мен кешенді бағдарламалар; проблемалық оқыту, бағдарламалық оқыту, контекстік оқыту, ойын арқылы оқыту әдістерін ұсынып отыр.

Жалпы оқу процесіндегі кәсіби-шығармашылық белсенділікті - оқу мақсатына жету үшін бағытталған студенттің ішкі және сыртқы іс-әрекеті деп түсіну қажет. Оқу процесінің әсерлі болуының шарты ретінде әлеуметтік-педагогика жүйесінің белсенділігі мен білім беру процесіндегі субъектінің өзара байланысы және студенттің жеке шығармашылық белсенділігі алынып отыр. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігі бұл жағдайда, оның тұлғалық мотивтерінің белсендірілуі нәтижесімен сипатталады [3].

Студенттер тұлғасының шығармашылық дамуын ынталандыру, мемлекеттік стандарттарда қарастырылатын арнайы (базалық) пәндерде, оқу процессінде түрлі ұйымдастыру формаларында көрініс алады, олар: жекеше, топтық, ұжымдық және ойындық оқыту технологиялары.

Арнайы пәндер білім беру мазмұнында маман даярлауда ерекше орны бар, студенттің түбегейлі дайындығына елеулі әсер ететін пәндер циклын топтастырады. Соның ішінде дирижерлық-хор циклына енетін пәндердің жиыны бір төбе, өйткені музыка мұғалімі ұжыммен жұмыс істейтін, оның дағдыларын меңгерген, шығармашыл педагог болуы керек. Сондықтан біз арнайы (базалық) пәндер блогының ішіндегі дирижерлық-хор циклына кіретін пәндерге баса назар аударғанды жөн санадық.

Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі, хормен жұмыс жасау дайындығында, хор ұжымын құрай білуінде және музыкалық шығарманы игеру процесін ұйымдастыру мен интерпретация жасай білуде көрінеді [4]. Алайда, егер хормен жұмыс барысында дирижердың кәсіби-шығармашылық белсенділігі тұлғалық және когнитивтік жағынан көрінбесе, онда бұл процесс хордың шығармашылықпен өнімді-құрылуына, тұлғаның өз-өзін шығармашылықпен дамытуына, қоғамдық-қажетті өнімнің алынуына еш жаңалық әкелмейтіні сөзсіз. Сондықтан, жоғары оқу орнында болашақ музыка мұғалімдерін, соның ішінде хор жетекшілерін дайындауда өзекті мәселе болып, оқу процесін шығармашылық құрылыммен, студенттің немесе болашақ музыка мұғалімінің шығармашыл тұлға ретінде көрінуі және өзін көрсете алуына жағдай жасау болып табылмақ.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі музыка мұғалімнің хормен жұмыс жасауы оның кәсіби қызметіне бейімділігі арқылы жүргізіледі. Мұғалімнің кәсіби әрекетінің құрылымы жинақталып берілген екі бірлестіктен тұрады: ***жалпы педагогикалық*** және ***музыка-шығармашылық***. Бұның бәрі мынадай кәсіби-музыкалық әрекет түрлеріне негізделеді: *педагогикалық, музыкатанымдық, хормей-стерлік, орындаушылық, зерттеушілік*.

Оқу орындарында шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу, тек қана педагогтың өзі шығармашыл болған жағдайда және оқыту процесі мынадай әдіснамалық сипаттағы приниптер негізінде құрылғанда мүмкін болмақ. Олар: *тұтастық принципі, түрлендіруді қажет ететін принцип, тиімді басқару принципі, кері байланыс принципі.*

Зерттеуде берілген *модельді (сурет)* біз маңызды құндылықтардың негізіне сүйене отырып, арнайы мақсаты мен мазмұнын және процессуалды компоненттерін анықтай отырып жасадық. Мақсатын айқындауда болашақ музыка мұғаліміне хор жетекшісі ретінде қойылатын кәсіби талаптарды және тұлғаның білім беру саласындағы сұраныстарын ескере отырып айқындалды.


Ұсынылған модель студенттің кәсіби-шығармашылық белсенділігі қалыптасуының бағыт-бағдарының негізін бейнелейді, соның әсерінен сананың мынадай өздік функциялары айқындалады: *мотивациялық, рефлексивтік, шығармашылық-түрленуші, тіршілік әрекетіндегі рухани деңгейді қамтамасыз ету.*

Модельдеу процессінде белсенділіктің түрлі элементтерін жинақтауда өзара тәуелділігін зерделеу негізінде біздер студенттің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға себепші *педагогикалық шарттарды* бөліп көрсеттік: *диагностикалық, тұлғалық-мазмұндық, рефлексивтік-бірлескен шығармашылық, байланыстыру* немесе *үйлестіру*.

Сонымен бірге, кәсіби-шығармашылық белсенділіктің түрлі элементтер жиынтығының, ішкі және сыртқы өзара тәуелділігін зерттеу негізіне сүйене отырып, модель жасау процесін-

де кәсіби-шығармашылық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтадық. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру моделін теориялық тұрғыда талдау мен прктикалық тұрғыда жүзеге асыру негізіне сүйене отырып, педагогикалық эксперимент бағыттарын айқындадық.

Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру *өлшемдері* мен *деңгейлерін* анықтадық: болашақ музыка мұғалімі тұлғасының шығармашылық деңгейіне берген өзіндік бағасы; кәсіби-оқу әрекеті процесінде болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға мотивациялық даярлығы; болашақ музыка мұғалімінің кәсіби дербестікті және өздігімен білім алуды саналы түрде қажетсінуі.



Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділіктің қалыптасуының моделі

Қалыптастыру эксперименті модель бойынша жүзеге асырылды. Бұл оқудың барлық кезеңдерінде эксперимент тобының өзгеру динамикасын бақылауымызға жағдай туғызды. *Тәжірибелік жұмысымыздың мақсаты*, болашақ музыка мұғаліміне кәсіби-шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға анықтап алған педагогикалық шарттардың тиімділігін тексерумен шектеледі.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші - адаптациялық-бағалау кезеңінің мақсаты толеранттықпен байланысты креативтік орта жасаумен, шығармашылық ынтаның белсендірілуімен, ойлау және шығармашылық процестердің жандануымен айқындалады. Сабақ барысында музыкалық шығарманың көркем бейнесін жасау үшін тиімді шығармашылық бағытқа бағдарлауға қажетті студенттердің алдағы уақытта орындайтын көркем-педагогикалық әрекетін, оның көлемі мен мазмұнын, хор ұжымын педагогикалық тұрғыда басқару принциптері, тұлғалық қасиеттер мен қабілеттілікті меңгеру дәрежесі ескеріледі. Педагог пен студенттің диологтық қатынасы барысында шығармашылық проблеманың шешімі бірлесе отырып талқыланды. Проблемалық оқыту әдісін қолдану хор шығармасымен жұмыс процесінде өзінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін көрсету білім алушыларды рефлексивтік талдауға ынталандырды және оқу процесінде студентке іскерлік ойын түрін өткізу дайындығына себепші болды.

Екінші - ұйымдастырушылық-когнитивтік кезеңнің мақсаты музыкалық-интеллектуалды біліммен, практикалық хормен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру арқылы репродуктивтіктен іздену әрекетіне көшу болып саналады. Бұл кезең оқытудың ойын технологиясын қолдануды қарастырды.

Эксперименттің соңғы өзін-өзі насихаттау кезеңі - практикалық тұрғыда хормен жұмыс жасау әрекетінде студенттің шығармашылық әлеуетін өздігімен жүзеге асыруымен шектеледі. Бұл кезеңде мынадай міндеттер қамтылды: көркем-музыкалық және дирижерлық-техникалық міндеттерді, оны шешудің технологиялық, көркемдік құралдырын өздігімен пайдалану, хормейстерлік, музыкалық-орындаушылық қимыл-әрекетін үйлесімділікте көрсете білу, музыкалық бейнені, оның көркем өңделген түрлендірулерін өздігімен жасау.

Қойылған міндеттер студент әрекетін қайта ұйымдастыру арқылы, жоғары оқу орнының қалыпты жағдайындағы хор ұжымдарында шешімін тапты. Эксперимент және бақылау топтарындағы студенттерге әр жанрдағы хор шығармасын таңдау, жаттау және өңдеп-түрлендіру өздігімен жасау ұсынылды. Студенттердің осы хор шығармасын орындаудағы белсенділігін талдау бізге жоғары кәсіби-шығармашылық белсенділік, музыкалық шығарманың жоғары көркемдік түрлендіруін жасауға мүмкіндік береді және хор шығармасын өңдеп-түрлендіру, жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастырады деп ой тұжырымдауымызға себеп болды.

1. *Матвеева К.П. Дирижерская подготовка к уроку музыки. -Свердловск, 1990. -65 б.*
2. *Морозова Т.В. Диагностика успешности учителя. - М.: Педагогический поиск, 2001. - 160 б.*
3. *Андреев Л.М. Методика преподавания хорового дирижирования. - М.: Музыка, 1969. -120 б.*
4. *Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.:Народное образование.1998. 50-64б.*
5. *Энгельмейер П.К. «Теория творчества», Образование. -1910, -208 б.*

Резюме

В статье рассматривается формирование профессионально-творческой активности будущего учителя музыки. Разработана модель профессионально-творческой активности будущего учителя музыки в учебно-познавательном процессе.

Summary

In the diuen orticle, the formation of professional-creative active part of future teacher of music is disciosed and the model of forming the professional-creative activity of future teacher of music is deveioped.

СОДЕРЖАНИЕ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАПРАВЛЕНИЯ ЕГО УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ

Г.Э. Балаева –
диссертант Азербайджанского Государственного Педагогического Университета

Формирование образовательного процесса в первую очередь начинается с содержания. В целом оно рассматривается как ядро, основа образовательного процесса. Если формирование содержания образования оценивается как педагогическая проблема, то для ее решения ставятся серьезные социальные требования.

Из чего состоит сущность содержания образования? Какие элементы входят в состав понятия содержания? Какими факторами обусловливается определение содержания? Естественно, отношение видных ученых и педагогов, занимающихся проблемами дидактики, к этим вопросам неоднозначно.

«Образование необходимая составная часть культуры» (1, 8). Люди на протяжении всего человечества этот вопрос рассматривали как средство, удовлетворяющее их жизненные потребности, предпринимали попытки для его организации и претворении в жизнь. И в исследованиях профессора Н.М. Казымова этому вопросу уделено особое внимание. Было достигнуто следующее заключение «определения, данные понятию образования не принимают во внимание его носителей» (2, 73).

В одном из педагогических источников указывается, что «говоря об образовании, подразумеваются систематизированные знания, способности и навыки» (3, 71). Или в другом источнике отмечается, что «образование это приобщение детей к системе знаний, способностей и навыков, формирование их мировоззрения на этой основе» (4, 6).

В исследованиях, связанных с образованием его некоторые особенности конкретно классифицируются следующим образом: 1. Охват образованием соответствующей системы знаний, способностей и навыков 2. Образование составная часть народного хозяйства. 3. Претворение образования в жизнь в соответствующих учебных учреждениях. 4. Продолжительность образования в течении определенного срока. 5. Органическая связь образования с обучением. 6. Обладание образования возможностями воспитания и развития» (2, 12-22). Как видно из классификации носители образования, и его атрибуты различны.

Приведенные нами исследования показывают, что идеи, связанные с понятием образования в современном контексте стали более обширными и обладают более широкой семантикой. Образование связано не только с сознанием, способностью и навыками, оно в то же время связано с другими социальными событиями явлениями и фактами общества. В новом понимании образование является не только результатом, оно также охватывает понятия процесса, системы, ценностей.

«Говоря о содержании образования, подразумевается система знаний, способностей и навыков, к которым должны приобщиться школьники с тем чтобы быть готовыми жизни, труду» – считает М.Н. Скаткин и, по его мнению, это понятие в себе объединяет четыре следующих компонента: 1) знания о мире - окружающий мир; 2) способность и навыки-рациональные приемы исполнения типичной стереотипной (не стандартной) деятельности; 3) опыт творческой (не стандартной) деятельности; 4) нормы отношений миру и друг другу (духовных, моральных, эстетических; то есть нормы воспитанности (9, 94).

Согласно мнению авторов, эти четыре компонента содержания не заменяют друг друга, каждый из них в равной мере важен, необходим. Такое понятие образования, если и не принято многими, оно перспективно и привлекает внимания. Долгое время до 70-80-ых годов прошлого века содержанием образования считалось совокупность знаний, способностей навыков. В зарубежных и местных исследованиях, связанных с педагогической энциклопедией, с педагогикой и дидактикой это понятие представлялось именно таким образом.

Когда в интеллектуальном развитии возникли социальные потребности, исследователи почувствовали, что это содержание не является исчерпывающим. Как говорит М.Н. Скаткин «В состав содержания были внесены и другие элементы, которые теоретическими не воспри-

Бұл әдіс XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-тың, Германияның білім беру саласында, ал ғасыр соңында ТМД елдерінің оқыту жүйесінде кең өріс алғаны белгілі. Жобалау әдісінің теориясын алғаш негіздеген ғалымдар Д.Дьюи мен В.Килпатрик болатын. Олар бұл технологияның әмбебаптық сипатын дәл анықтап, оның интеллектуалды дамытудағы маңызын жоғары бағалады. Кейін бұл технологияның теориясын дамытқан Е.С.Полат, В.Д.Симоненко, М.Б.Павловтардың зерттеулері болды. Соның ішінде, Е.С.Полат жобалау әдісіне келесідей анықтама берген: Жобалау әдісі – жобаны жүзеге асыру бойынша әртүрлі іс-әрекет түрлерін қолдануды ұсынатын жұмыс түрі.

Ресей ғалымдарының осы саладағы еңбектерін саралап қарағанда, педагогикалық технологияның оқыту үдерісіне екі түрлі жолмен: 1) В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, Л.В. Занков,П.Я. Гальперин, Н.В.Кузьмина, т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде: 2) Е.Н.Ильина, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов, т.с.с. әдіскерлердің практикалық тәжірибелерінің негізінде енгізілгені анықталды.

В.Килпатрик жобалау әдісін «от души выполняемый замысел» деп түсінді. Оның ойынша, оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады деп тұжырымдайды. Ал Д.Дьюи білім алушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені білім алушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында білім алушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікір айтады.

Қазақстанда информатиканы жобалау әдісінің теориялық негіздері Е.Ы.Бидайбеков, Е.Ө.Медеуов, Т.О.Балықбаев, Ж.К.Нұрбекова, Г.А.Абдулкаримова еңбектерінде ішінара зерттелген. Нақты тақырыпқа қатысты информатиканың программалау негіздерін жобалау әдісін қолдану әдістемесін жетілдіру мәселесі А.Т.Байбақтинаның зерттеу жұмысында қарастырылған. Бұл жұмыста тек қана программалау негіздерін жобалау әдісі арқылы оқыту мәселесі зерттелген. Жобалау әдісінің сапалы білім берудегі тиімділігі білім алушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында білім алушының информатика тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады. Осы үдерісте білім алушының ерік-жігері, жоспарлау қабілеті, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Бұл әдіс информатика пәнін үйренуші білім алушының дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде, болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтенуіне қызмет етеді.

Жаңа кезеңде жобалау әдісін информатиканы сапалы әрі тиімді оқыту әдісі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл әдіс – шығармашылық түрде оқуды жүзеге асыруға мүмкіндігі мол әдіс. Шығармашылық білім алушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол оқытушының басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалау әдісі мен шығармашылық қабілетті дамытудың өзара бірлігі айқын байқалады. Екіншіден, жобалау әдісі философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері білім алушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен информатика бойынша берілетін түрлі жобаларды орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу білім алушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады. Үшіншіден, бұл әдістің артықшылығы– жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Оқушы информатика пәнін меңгеру үдерісінде программалау мен информатиканың негізгі ұғымдарын оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Төртіншіден, бұл әдіс білім алушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Бесіншіден, бұл әдіс бойынша оқушы тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Алтыншыдан, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар. Жетіншіден, жобалау танымдық белсенділікті тудырады. Сегізіншіден, жобалау әдісі сабақта қолданылғанда оқытушыға да, оқушыға да жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Тоғызыншыдан,

жобалау жұмыстары өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді. Оныншыдан, жобалау әдісі оқытушыға да, оқушыға да жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады.

Жобалау әдісі арқылы информатика пәнін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол білім алушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет. Осындай жұмыс тобын құру оқушы тұлғасының шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жобалау әдісін қолданып, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол. Атап айтқанда:

1. Жұп (диада) құрып, бір мезгілде бірлікте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
2. Үштік (триада) құрып, бір мезгілде бірлікте және жеке даралық жұмыс істеуге бағыттайды.
3. Шағын топ құрып, (мүмкін 4 не 6 адам) пікірталас тудыратын қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктеріне ие болады.

Біздің тәжірибемізде үштік іс-әрекет ең өнімді жұмыс тобы, ол жобаға қатысушылардың өзара ынтымақтастығы арқылы белсенді әрекет иесі болуына әсер ететін жоба әдісі екендігі байқалды. Себебі үшінші адамға жекелей тапсырма бермеуге де болады, ол екі адамның әңгімесіне, пікірталасына, жобаны дәйектеуіне сырттай бақылаушы ретінде қатысушы тұлға. Сонымен қатар шағын топ мүшелері «Біреу барлығы үшін, барлығы біреуі үшін» ұстанымы бойынша жұмыс істегенде, оның тиімділігі арта түсетіні көрінді. Проблемалық тақырып бойынша коммуникативтік міндетті шешуші топтар (жұптық, үштік және шағын топ) мына бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік алды: оқушы тұлғасы + оқытушы + оқушы тұлғасы; жұптық немесе үштік + оқытушы; оқытушы + шағын топ.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес, информатика пәнін оқытуда жобамен жұмыс жасау кезеңдерін төмендегідей анықтадық:

- жобамен жұмыс жасауға дайындық;
- тақырып таңдау;
- жобаның мақсаты мен міндетін қою;
- әртүрлі тәсілдермен ақпаратты іздеу;
- презентация құрылымын дайындау;
- жобаны қорғауға дайындау;
- жобаны көрсету (қорғау);
- жоба жұмысын талдау және бағалау.

Оқыту үдерісінде жоба әдісін қолдануда ұсынылатын жобаның түрлері: ғылыми жоба; шығармашылық жоба; ойын түріндегі жоба; ақпараттық жоба, оқу жобасы және т.б. түрлері бар. Мерзіміне қарай қысқа мерзімді жоба болып бөлінеді. Соның ішінде біз оқу жобасын таңдап алып, жобаны орындау барысында оқушыларда келесідей қиындықтар кездесетінін анықтадық:

- тақырыпты таңдау;
- жобаның мақсаты мен міндетін қою;
- оларды шешу жолдары;
- алынған нәтижені қойылған мақсатпен салыстыру.

Аталған қиындықтарды шешу мақсатында жобалау кезеңдерін төмендегідей жүзеге асыру тиімді:

1.Жоба тақырыбы бағдарламаға сәйкес анықталады және оны орындауға бөлінетін уақыт мөлшері ұсынылады.

2.Оқу материалының мазмұнына қарай оқушы "Ойға шабуыл" әдісі арқылы тақырыпты таңдайды.

3.Жобаның мақсатын алынатын нәтижеге сәйкес анықтайды, оны жүзеге асыруда басшылыққа алынатын міндеттер қояды.

4.Ақпаратты іздеуде келесі әдістер ұсынылады:эксперимент,әңгімелесу, сұрақ-жауап,экскурсия, әдебиеттерді оқу, интернет желісінде ақпаратты іздеу.

5.Презентация формасы: материалды безендіруді таңдау, ауызша және жазбаша баяндамалар, видео фильм, сайыс, театралды қойылым, компьютерлік программалау, кешенді.

6. Жобаны ауызша қорғауға дайындық; топты оппоненттердің сұрағына жауап беруге дайындау; жобамен жұмыстың логикасы толық және дәлелді көрсетілген портфолио құру.

7.Презентацияны сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта қорғауға болады.

8. Жобаның нәтижесін ұсыну, артықшылығын көрсету.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мекемелерде информатика пәнін жобалау әдісі негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, білім алушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын – білімдік, тәрбиелік, дамытушылық – қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен білім алушы мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады да, игерілген білім құзыреттілікке ауысады.

1. Дьюи Дж. «Школа и общество» (1925) – цит. по «Педагогическая лекция. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. К журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. 4, - 2003.

2. Сатарова Е.Г. «Метод проектов в трудовой школе» (1926) – цит. по «Педагогическая лекция. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003 – с.12.

3. Килпатрик У.Х. «Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе» (1928) – цит. по «Педагогическая лоция. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003 – с.6.

4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат – М.:2000.

5. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесіне кіріспе. Жоғары мектеп студенттеріне арналған оқу құралы. Е.Ы.Бидайбеков., Лапчик М.П., Беркімбаев К.М, Сағымбаева А.Е. – Алматы, 2008. - 279 б.

6. Медеуов Е.Ө., Байбақтина А.Т. Программалау негіздерін оқытуда жобалар әдісін қолдану әдітемесінің тиімділігін тексеру // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы-Вестник. Алматы, 2007. № 2(18). – Б.45-47.

Резюме

В статье рассматриваются особенности обучения информатики методом проекта.

Summary

In article features training of computer science by a project method are considered.

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ

1986-1995 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЖАСТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

П. А. Азтаева - *Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының 2 курс магистранты*

Соңғы онжылдықтарда күнделіктілік өмір тарихын зерттеу қазіргі заманғы тарих ғылымында басты, маңызды бағыттардың бірі болып жүр. Тарихшылардың бұл бағытқа бет бұрғандығының себебі тарихтың зерттелуінің кеңеюінде. Егер бұрын-соңды тарихшылар үлкен экономикалық, саяси, демографиялық тарих, мәдениет тарихын зерттеумен айналысқан болса, енді басты назарға «кішкентай адам» және оның қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге көзқарасы зерттелуде. Осы мәселенің өзектілігінің дәлелі ретінде соңғы жылдардағы шетелдік зерттеулердің дәл осы бағытта жазылып жүрген кең көлемді ғылыми жұмыстарды мысалға келтіре аламыз. Өкінішке орай, қазақстандық тарих ғылымында күнделікті өмір мәселесін зерттеу батыс елдеріндегідей кең өріс ала алмай жүр. Мұның бірден-бір себебі 80-ші жылдарға дейін Кеңес дәуірінің тарихына қатысты көптеген мұрағаттық құжаттар мен материалдар зерттеушілердің назарынан тыс қалып, олармен жұмыс істеуге қатаң тыйым салынған.

1986-1995 жылдар арасындағы уақыт КСРО үшін өте бір қиын кезең болды. Жаңа қоғамға аяқ басуындағы уақыт жастарға өз әсерін тигізбей қоймады. 1986-1995 уақыт аралығындағы жастардың әлеуметтік жағдайы, эмоционалдық сезімдері, білім, рухани-мәдени өмірлері осы күнге дейін күнделіктілік өмір бағытында зерттелмегендіктен, біз, аталған мәселелерді ғылыми негізде ашуды жөн көрдік. Кеңес одағы кезеңінде мәдениетті, көзі ашық адамдардың бәрі көркем әдебиетті көп оқып, кітап оқымау деген үлкен кемшілік саналған. Сондықтан 80-ші жылдардағы жастардың рухани-мәдени уақыт өткізу іс-шараларына кітапханалар, театрлар, музейлер кіреді.

80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 40-тан астам кітапханалар болды. Оның ішіне ЖОО, техникумдардың, мектептердің, партиялық, балалар және жастар және т.б. кітапханалар енген. Барлық кітапханалар жастар мен келешек ұрпақтың интернационалды, патриотты, мәдени ой-өрісі жоғары дамыған азамат тәрбиелеу мақсатында көп жұмыс жасаған. Жүйе кітапханалары құқықтық әдебиеттерді насихаттауға да көп көңіл бөлген. Әдебиеттерді насихаттау бірнеше бағыттарда жүргізілген: Кеңестік өмір сүру ережесін насихаттау; тәлім-тәрбие мәдениеті; ішімділікке, шылым шегуге және наркоманияға қарсы насихат.

Қала мәдениетінің жоғары болғандығының дәлелі ретінде, аталып отырған уақыт аралығында Алматыдағы кітапханалар санының көптігін айта аламыз:

Кесте – 1

	Жылдар	Кітапхана саны	Барлық кітап қоры (мың)	Оқырмандар саны (мың)
	1988 ж.	43	1661,4	173,2
	1989 ж.	44	1686,1	136,4
	1990 ж.	44	1.729,4	144,5
	1991 ж.	48		135,3

Ескерту: Кестедегі статистикалық мәліметтер ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағатының (ҚР ОММ) 1890 қорының 3 тізбесінің 3006, 2910, 3129, 3259 істерінен алынған

Дегенмен, осыншама кітапхана бола тұра, олардың арасынан ешқайсысының «Ұлттық» деген дәрежесі болмаған. Қазақ ұлтына, еліне сондай бір кітапхана қажет болды. Келешек жастарды да ұлттық тәлім-тәрибиеге баулу үшін ұлт жанашырлары, жазушылар қолдаған топ егемендік ала салысымен бұл жоқтықтың орынын толтыруға кірісті. Олардың ішінде С.Әбікешева (Алматы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы), С.Жүнісов (жазушы), Э.Төреханов («Қазақ тілі» қоғамының орынбасары, жазушы) және т.б. беделді жазушы, қоғам басшылары болды. Осы кісілер батаған топ ҚазКСР-інің Жоғарғы Кеңесіне хат жолдап, 1991 жылы А.С.Пушкин атындағы ҚазКСР Мемлекеттік кітапханасына «Ұлттық» дәрежесін беруді өтінді. А.С.Пушкин атындағы қазақтың Ұлттық дәрежесі бар тұңғыш кітапханасы болатын. [1]

Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапханалары жастарды адалдыққа, салауатты өмір салтын ұстануға өте көп ат салысқан. Сол сияқты тақырыптарға байланысты кештер, көрмелер жиі өткізіліп тұрған. Ақын-жазушылар, музыканттардың да қатысуымен кештер, дискуссиялар өткізілді.

Халық арасында көп жүргізілген насихат тақырыбы ол - атеизм тақырыбы. «Религия и национальные отношения», «Ислам и идеологическая борьба», «Береги голубую планету» және т.б. тақырыптарда кештер, әңгімелесулер өтіп отырған. [2]

Атеизм тақырыбы мектеп, арнайы орта оқу орындарында және ЖОО өте кең өріс алған. Әсіресе жастарды атеистік жолмен тәрбиелеу Кеңестік уақыт үшін маңызды болған. Сондықтан, жастарды ерте кезден бастап атеизм тақырыбымен таныстырған.

Орталықтандырылған жүйенің кітапханалары оқырмандармен арнайы жұмыс жасау үшін оларды бірнеше топтарға бөліп, әр топпен тиісінше жұмыс жасалынған. Мысалы:

- Партиялық, кеңестік, комсомол жұмысшылары;
- Насихатшылар, үгітшілер
- Мұғалімдер
- Лектор-атеистер
- Қызмет көрсету жұмысшылары
- Жұмысшы жастар
- Қазақ тілінде оқитын оқырмандар
- Қиын жасөспірімдер және т.б. [3]

Кітапханаларда оқырмандарды топтарға бөліп оқыту өзінің жемістерін берді деп айтуға болады. Өйткені Кеңес адамдары шын мәнінде өте білімді, көп оқыған, мәдениеті жоғары деп айта аламыз. Бұл тәрбиеге кітапхана қызметшілері мен түрлі әдебиеттер өз септігін тигізгені анық.

Зерттеліп отырған жылдар аралығында кітапхана жұмысында біраз ақаулар болған. Мысалы, «Ақсай-1,2», «Айнабұлақ-1-4», «Көктем 1-3», «Алтай 1-2» және т.б. қаланың үлкен аудандарында кітапхана атаулы жоқ. Қала бойынша 44 кітапхананың 11-і ғана арнайы соғылған ғимаратта жұмыс жасап тұр, қалғандары тұрғын үйлердің, кинотеатрлардың, музейлердің және т.б. ғимараттардың бір бұрышында орналасқан. Кітап сақтау, оқырман залы деген мәселелер орынның аздығына байланысты жеңіл шешіле қоймаған. Мысалы, барлық кітапханалардың 50%-да оқу залы болмаған. Оның үстіне қызметкерлерге жуынатын, ас ішетін бөлмелер де қарастырылмаған. Көптеген кәтапханаларда телефон желісі қосылмаған. [4]

Қала тұрғындарының мәдени өмірінде театрлардың алатын орны сөзсіз бөлек. Өзін жоғары мәдениетті мемлекет, ұлт деп санайтын әрбір қоғамда әлемдік дәрежеде болмаса да, сол әлемдік сахналарда қойылып жүрген спектакльдер мен қойылымдар өтетін театрлар болуы қажет деп санаймыз. Театр – адамның дем алатын орны ғана емес, сонымен қатар, ой-өрісін, рухани өмірін байытатын дүние, ол қай қоғамда өмір сүрсе де, сол кезеңнің айқын бейнесі есептелінген. Ешқандай жағдайда да ешнәрсе театрдың орынын алмастыра алмайды. 1986-1995 жылдардағы Алматы қаласында түрлі бағыттағы театрлар қызмет атқарған. Басқа да халықтар сияқты қазақ халқының театрының өзіндік тарихы бар. 80-ші жылдардағы қала жастарының өнерге деген ықыластары зор болды. Алматы театрлары әрқашанда көрермендердің көзайымы болған.

Алматы театрларының сахналарында «Ромэо мен Джульетта», «Ақ білек», «Дос – бедел дос» және т.б. қойылымдар жиі көрсетіліп тұрды. [5]

80-ші жылдарда Алматы қаласында 8 шақты театрлар болды. Оның ішінде опера және балет театры – 1, драма, комедия, музыкалық драма, музыкалық комедия театрлары - 4, балалар театры – 3, қуыршақтар театры – 1. [6]

Театрлар бойынша жылдық статистикалық көрсеткіш:

Кесте - 2

Қойылымдар мен көрермендер саны	Опера және балет театры	Драма, комедия, музыкалық драма, музыкалық комедия театрлары	Балалар театры	Қуыршақтар театры
1986 ж.	313/144,7 (мың)	1486/655,7 (мың)	1608/480,6 (мың)	1071/234,7 (мың)
1987 ж.	322/144,0 (мың)	1446/692,3 (мың)	1634/549,9 (мың)	1099/282,9 (мың)
1988 ж.	455/166,5 (мың)	1309/636,9 (мың)	2047/601,6 (мың)	1426/347,6 (мың)

(Кестеде көрсетілген статистикалық мәліметтер Алматы қаласының ОММ, 107 қорының 8 тізбесінің 799 ісінен алынды)

Таблицадан көріп отырғанымыздай, 80-ші жылдардағы Алматы театры мәдени ошақтың бірі болған. Мектеп оқушылары, студенттер де театрларға жиі барып тұрған. Университеттер, мектептердің де жергілікті «жұлдыздары» болған. Әр оқу орны өздерінің кішкене сахналарында түрлі мейрамдарға қойылымдар, концерттер ұйымдастырып тұрған.

Мәдени өмірдің тағы бір бөлігі ол – тарихи мұражайлар болып табылады. Мектеп оқушылары, студенттер қала мұражайларына экскурсия жасап, тарихи ескерткіш, фотосурет, заттай деректермен танысып, мәдени-рухани білімдерін жетілдірген. 80-ші жылдардағы Алматы мұражайлары сол кезеңнің барлық нормаларына сәйкестендіріліп, онда мамандандырылған қызметкерлер жұмыс атқарған.

1988 жыл бойынша ҚазКСР-нің Орталық Мемлекеттік Мұрағаты мектеп, орта арнаулы оқу орындары мен жоғарғы оқу орындары (ЖОО) студенттерінің 79 мың, Абай атындағы Мемлекеттік Опера және Балет Театры 2,1 мың, ҚазКСР-нің Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұрағаты 29,3 мың, С.Мұқановтың Республикалық әдеби-мемориалдық мұзейі – 4,1 мың, Республикалық музыкалық аспаптар мұражайы – 4,4 мың экскурсияларын қабылдады. [7]

Жастардың мәдени өмірінде кітапхана, театр, музейлерден басқа да демалу түрлері болған. Мысалы, оқу орындарында, қаланың би клубтарында өткізіліп отыратын би кештері. 90-жылдардың басында, меншіктендірілумен қатар, Алматыда түнгі клубтардың ашылуы көбейді. Бұрын соңды бұндай еркін өмірге үйренбеген жастар арасында түнгі клубтарда бұзақылық жасау, төбелес ұйымдастыру сияқты жағдайлар анықтала бастады. Түнгі клубтармен қатар, қаламызға 90-шы жылдардың ортасына қарай автоматтық ойындар клубтары да келе бастады. Ақша артылса болды, енді жастар, әсіресе, жасөспірімдер, барлық уақыттарын ойын автоматтарында өткізетін болды. Жаңа заман өзімен бірге жағымсыз жақтарын да ала келді. Ойын автоматтарына, клубтарға бара беруге жастардың ақшасы үнемі жете бермеген. Осыдан болар, 90-шы жылдардың басында жастар арасында қылмыс тым көбейіп кеткен. Оқуға түспеген, әскерге бармаған жастар қала адамдарының санын толтырып, енді басқа жолға түсуді бастаған. Алматыда 1990-шы жылдардың ортасына қарай жастар қауымы түрлі

топтарға бірігіп жатты. Мәдени, діни, т.с.с. Мұндай топтардың арасында бұзақы жолға түсіп, қылмыспен айналысатын жастар аз болмады. «Рэкет» деп аталатын олар, базарлар, кішкене сауда орындарын, қалталы адамдардың жанын торауылдап, сәті түссе, өзіне материалдық пайда жасап отырған.

Алматы тұрғындары Қазақстанның басқа елді мекеніндегі тұрғындар қатарлы, күнтізбенің қызыл жазумен белгіленген күндерін міндетті түрде Орталық алаңда, үлкен жиын-терінмен атап өтетін болған. 22 Наурыз, 1 Май, 9 Май, 8 Наурыз т.с.с. үлкен мерекелер тиісінше аталып өтетін болған. Жалпы Алматы тұрғындары кештерді, мейрамдарды ұйымдастырғанды өте жақсы қарсы алатын болған. Алаңда жиналған қауым ішінен тек қана астана тұрғындарын ғана емес, еліміздің барлық өңірлерінен келген азаматтарымызды кездестіруге болатын еді. Тіпті кейбір адамдар сол мерекелерді көруге арнайы ауылдарынан келетін болған. Жиналған қауым Қазақстанның әнші, әртіс жұлдыздарының концерт қойып, ән айтуларына дән риза болатын. Р.Рымбаева, М.Жүнісова, М.Ералиева сынды әншілерсіз ешбір мейрам өтпейтін.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін тойлар алдында қала тұрғындары ауыр қыстан соң, қаланы қоқыстардан тазалауға жаппай кірісетін болған. Ол үшін арнайы сенбіліктер өткізіліп тұрды. Мерекені тойлаудан бір апта бұрын, жалпықалалық сенбіліктер «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең – он тал ек», «Бұлақ көрсең – көзін аш» атты ұрандармен санитарлық, әрі қаланы жасылдандыру шаралары өтетін болған. [8]

80-ші жылдары Алматыдағы мәдени іс-шаралар Ескі алаңда өтіп отырған, ал тәуелсіздік алғалы бері Сәтпаев көшесінің бойында, Желтоқсан мен Фурманов көшелерінің ортасына «Алтын адам» ескерткіші орнатылып, қаланың Жаңа алаңы дүниеге келді. Жалпы, қаланың мәдени өмірінде жастар ерекше орын алған. Жастарсыз қаладағы ешқандай да шаралар өтпейтін болған. Орталықта концерт ұйымдастырылса да, мерекелер аталып өтсе де жастарды жанкүйер, «адам санын толтыру» үшін, қатысушылар ретінде жинаған.

Алматы жастары әрқашанда өте жан-жақты дамуымен ерекшеленіп келеді. Алматы – әлемнің интернационалды қалаларының бірі десек қателеспейміз. Талай ұлт өкілдері көп уақыт бойы осы қалада оқып, жұмыс істеп келеді. Жастар арасында мәдени байқаулар, конкурстар, концерттер жиі өткізіліп отырған. Солардың бірі – «Көңілді тапқыштар клубы». Бұл ойын – жастардың өзіндік ізденістерінің шығармашылығы. Клубтың басқа ойындарға қарағанда мүмкіндігі мол болды. Онда әркім өзін толғандырған жәйттерге ой-пікірлерін еркін білдіре алатын еді. Түр мен мазмұнды қалай баяндағысы келсе де фантазияға жүгінген. 60-шы жылдарда Ресейде басталған бұл ойын тез арада Қазақстандық жастардың жүрегін тез арада жаулап алды. Еліміздің ЖОО көбі Алматыда орналасқандықтан, Көңілді тапқыштар клубының жарыстарының Қазақстандағы негізгі орталығы осы қалада өтетін болған. Әр топтың өз жанкүйерлері болған. Жанкүйерлер арасында дөрекілік көрсетіп, сыпайы мінез көрсете алмайтындардың топ балын кемітіп отырған. Көңілді тапқыштар клубына негізгі қатысушылар 2-4 курс студенттері, жоғарғы сынып оқушылары болған. Бұл жарыстарда шетелдік студенттерде қатыстырылған. ЖОО арасында ғана емес, қалааралық жарыстар да өткізілген.

1988 жылғы қалалық «КВН» ойынының финалы қалада өткен алғашқы үлкен конкурс болды. Алматы Архитектура және Құрылыс Институты, Алматы Мемлекеттік Медициналық Институты (АММИ), Қазақ Политехникалық Институттарының топтары қатысып, АММИ жеңімпаз атанды. [9]

Бұл мерекелер, әрине, тек жастар үшін ғана емес барлық жастағы тұрғындарға арналып өткізілетін болған. Ал енді астана жастарының мәдени-рухани өміріне келетін болсақ – ол басқа жастағы тұрғындардың өмірінен ерекше болды. КСРО мемлекеті жастарды идеологиялық тұрғыда тәрбие берді. Шет мемлекеттерден келетін тауар, музыка, киім – ол жат нәрсе болып саналды, ерсі көрінді. Ал жастар барлық жаңа нәрсеге, тыйым салынған заттарға еліктеп тұрды. Жас ерекшелігіне байланысты ма , әлде заманға сай ма қазіргі кезді айтпағанда, 80-ші жылдардың жастардың өзі де Батысқа еліктегіш болған. Қазақстанның ауылдық жерлеріндегі жастарымыз «Дос Мұқасан», Р.Рымбаева т.с.с. әнші, топтарды тыңдаса, Алматы жастары көбінесе батыс Еуропа, АҚШ мәдениетіне еліктегіш болды. Еуропалықтардың

киген киімдері, тыңдаған музыкасы, олардың диалекттік-паразит сөздері және т.б. Алматы жастары арасында өте сәнді әрі заманауи есептелді. 80-ші жылдарда жастар арасында рок-н-ролл музыкалық бағыты өте танымал болды. Әсіресе, Алматы жастары жаңадан шыққан рок музыкалы пластинкалар, американдық рок әншілер киетін джинсалы киімдерді өте ұнатты.

Жалпы рок-н-ролл музыкасы Кеңес еліне 1957 жылғы бүкіләлемдік жастар фестивалінен кейін келді. 60-шы жылдары рок музыкасы жасырын, заңсыз жұмыс жасайтын барлар мен жертөлелерде орналасқан кафелерде айтылып жүрді. Ол жылдары «Биттлз», «Роллинг Стоунз» топтарының жаңадан шыққан пластинкалары кеңес елінде жоқтың қасы болатын. Тек АҚШ-тан жасырын түрде әкеліп беретін «таныстары» бар ғана адамдар ол пластинкаларды тыңдай алатын. 60-жылдардың ортасына қарай КСРО жерінде де өзінің алғашқы рок-топтары пайда бола бастады. Олар «Славяне», «Странники», «Мифы» және т.б. топтар болатын. 80-ші жылдары КСРО-ның ғана емес, әлемнің басқа да көптеген елдеріндегі миллиондаған халықтың кумиріне айналған атақты «Кино» тобы құрылады. Оның бас әншісі Виктор Цой сол жылдары Алматыда «Игла» атты киноға түсіп, сол ролі үшін КСРО-ның «ең үздік актері» деген атаққа ие болады. [10]

Міне, осы кезден бастап біздің елімізге рок бағытындағы музыка ене бастады. Бұл музыка әсіресе жастар арасында өте танымал болды. Студенттер, оқушылар көптеген мерзімді басылым газет-журналдарына хат жолдап, сүйікті әншісі В.Цойдың суретін, өмірбаянын сұраған кездер өте көп кездескен. Одан басқа да Алматы жастарының кумирлеріне айналған әншілер: Л.Вайкуле, В.Леонтьев, «Машина времени», «Ария», «Дос Мұқасан» топтары, «Гүлдер» ансамблі және т.б...

Жастардың сүйікті музыкалық бағытына айналған рок-музыкасының төңірегінде түрлі даудамалар жүрген болатын. Көптеген зиялы азаматтар рок-музыканың Батыс елдерінің КСРО халқына қарсы жасалынатын «саясат» ретінде де қабылдады, көптеген пікірлер жазылып, сындар айтылды. Олардың ойынша музыка арқылы адам ойына, көзқарасына өте күшті әсер беруге болады.

30-40 жылдардың бродвейлік шоулары мен американдық шлягерлері Германияның тұрғындарын деморлизациялау идеясынан туындаған. Неміс тіліне аударылған әндерінде олар неміс халқын күресіп жатқан халыұұа деген ашу-ызасын, қарсыластыққа деген құштарлықтарын төмендетуге бағытталған. Американдық насихаттау социалистік елдерге бағытталған заманда, оның әдістері бұрынғысынша қалды. НАТО-ның арнайы бөлімімен шығарылатын бір құжатта былай делінген: «Қазіргі кезеңде жастарға аса көңіл бөлу қажет. Олар әлі өмірлік тәжірибесі жетілмеген, барлық жаңалықтарға жақын келеді. Біздің мақсатымыз – КСРО жастарын Батыстың идеалдарымен қызықтыру». Дәл осы жерде ешқандай шектеулері жоқ музыка «көмекке» жарады. Жастардың рок-музыкаға деген қызығушылықтарын білетін американдықтар музыкаға тәуелсіз-агрессивті өмір тәртібін насихат ете бастады. [11]

Рок-музыка американ радиостанциясының басты насихат құралы. Осы арқылы шетел жастары психологиясына әсер етеді. ГДР-дің «Музик ун гезельшафт» журналына берген интервьюінде белгілі грек композиторы М.Теодаритис американдық рок-музыканың Еуропа халықтарының музыка мәдениетіне әсіресе жасөспірімдер психологиясына жасап отырған реакциялық бағытын былай деп айқындап берген болатын: «Негр халық музыкаларының империализм қысымымен біртіндеп жойылуы капитализмнің таптық езгісінің, идеологиялық саясатының салдарынан». Поп-музыка, рок-музыка осындай тәжірибеден туған, оның негізі халықтық музыка деп айтуға болады. Американ идеологиясы рок-музыканы өз мақсатына орай насихаттаудан танбай келеді. Бұл жаңа өсіп келе жатқан жасөспірімдерге кері әсер етіп, музыкалық-эстетикалық талғамын төмендетеді. Батыс буржуазиясы рок-музыканың жастарға осындай ықпал-әсерін бақылай отырып, империализм идеологиясының тамырын тереңдете түсуге ұмтылады. [12]

Әрине, мұндай жағжайжа жастарға қалаған музыкасын тыңдауға тыйым салу көптің қолынан келмейді. Қандай болғанда да КСРО жерінде рок-музыка тыңдаушылар саны күн артып көбейе берді. Онымен қоса, орыс тіліңде рок бағытында ән айтатын әншілер, топтар да көбейді. Мұндай жағдайда бұл музыканың дамуына тыйым салу туралы сөздердің енді ешқандай да күші болмады.

90-жылдар мен 80-ші жылдардың арасын бар-жоғы он жыл бөліп тұрғанымен, музыка әлемінде, жастардың талғамы арасында бірталай өзгерістер орын алды. 90-шы жылдары Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін, бұрынғы идеологиялық көзқарастар ескіріп, халық үшін көп мүмкіндіктер ашылды. Бүкіл Батыс Еуропа, АҚШ-қа «жол ашылды». Жастар қалаған музыкасын, қалаған дінін, қалаған киімін киіп, еркіндікке шыққандай болды. 80-ші жылдардың жастары «рок музыкасын» тыңдап өссе, 90-шы жылдары «поп музыкасында» ән айтатын ұл-, қыз-балалардан құралатын топтар көбейді. 90-шы жылдардың ортасында «рэп» бағытындағы музыка ене бастады. «Рэп» мәдениетімен бірге Алматы жастарының арасында АҚШ жастарына еліктегіштік өте кең өріс алды. Енді жастар ішінде «рок», «поп», «рэп» музыка тыңдайтындар арасында бөліну басталды. «Граффити» (үйлер қабырғаларына сурет салу өнері), екі-үш есе үлкен киім киіну, «пирсинг» (құлақ, қас, мұрынға сырға салу) және т.б. жаңадан енген әрекеттерге жол ашылды. Алматыдағы Батыс мәдениетінің тағы бір кең таралған түрі – «брейк» биі. Біздің жастарымызға бұл би ұнағандығы соншалық, олар күн-түн демей, Ескі алаңдағы ғимараттың алдында дайындалатын болған. Жаздың күндері, күн батқан уақытта Ескі алаңға топтасып жиналған жастар музыка ырғағымен «брейк» биін билейтін болған. Бұл жай ғана әуес емес, 90-шы жылдардың ортасына қарай ақша табу көзі де болған. Қала жастарының мәдени өмірін зерттеу барысындағы жасалған тұжырымдар:

- 80-ші жылдардағы жастардың мәдени өмірінде кітапханалар, театрлар, мұражайлар маңызды орын алған;
- 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың арасындағы Алматы жастарының арасында Батыс елдеріне еліктеушілік өте кең тараған;
- Қаралған уақыт аралығындағы астана жастарымен ауыл жастарының арасында әлеуметтік, психологиялық айырмашылықтар көп болды;
- Қоғамдағы өзгеріп жатқан жаңа саяси жағдайлар 90-шы жылдары қалаға жағымсыз жақтарын да ала келді (түнгі клубтар, ойын автоматтары);
- Алматы жастарының 80-ші жылдар мен 90-шы жылдардағы музыкалық талғамдары да ерекше болды;
- Жаңа заманға сәйкес қала жастарының арасында бірлескен топтар көптеп пайда бола бастады.

1. ҚР ОММ 1890 қор, 3 опись, 3006 іс қағаз
2. ҚР ОММ 1890 қор, 3 опись, 3276 іс қағаз
3. ҚР ОММ ф.1890, оп. 3, іс-қағаз 2910. 17б
4. ҚР ОММ ф.1890, оп. 3, іс-қағаз 3006. 6б
5. ҚР ОММ ф.1890, оп. 3, іс-қағаз 3006. 27б
6. Алматы қаласының ОММ, 310 қор, 1 опись, 50 іс қағаз, 2,5б
7. ҚР ОММ ф.1890, оп. 3 жалғасы, іс-қағаз 3218
8. ҚР ОММ ф.1890, оп. 3 жалғасы, іс-қағаз 2906
9. Алматы қаласының ОММ, 107 қор, 8 опись, 799 іс қағаз
10. Өркен// «Топтан озып шыққандар». А.Баянов, Х.Құсайынов. 1988 ж., №55-57, 6 б.
11. Комсомольская правда. "Барбаросса Рок-н-ролла", Ю.Филинов. 1984 ж.
12. www.varg.shurf.ru – «История русского рока»
13. Өркен// «Ырғақ» атты «Өркеннің» музыка мүйісі, А.Бобровтың шетел баспасөз материалдарынан әзірлеген мақаласы. 1988 ж., 9 қаңтар, №1-3, 7б.

Резюме

На сегодняшний день исследование повседневности является одним из актуальных направлений в истории. История повседневной жизни молодежи г. Алматы 1986-1995 гг. впервые исследуется в исторической науке.

Summary

Today the study of everyday life is one of important directions in the history. Everyday life of youth of Almaty from 1986-1995 first became object of study in historical science.

МОРАЛЬ – АР ІЛІМІ

Г.Т. Алдамбергенова - *п.ғ.д., профессор м.а.*

Қазақ даласының қоғамдық өрге басу жолындағы жаңа кезең XIX ғасырдың екінші жартысы болды. Ұлттық әдеп жүйесінің күрделі мәселелерін Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев сынды ағартушыларымыз қарастырды [1, 2, 3, 4].

Олардың арасында қазақтың дәстүрлі әдебін арнайы зерттеген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ол өзінің "Сот реформасы жөніндегі жазбасында" қазақтың дәстүрлі әдебіне терең талдау берді [1]. Шоқан адам білімнің пайдасын түсінген кезде және оқу-ғылымға жан-тәнімен берілгенде ғана өмірдегі мақсат-мұратын түсінеді деген тұжырым жасайды. Оның пайымдауында, құндылықтар мен мәдени ерекшеліктер өзара үйлесім табатыны сияқты, жеке тұлға мен мәдениеттің түпкі этикалық мақсаттары арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Адамның құндылықтар жөніндегі пікірі пісіп-жетіліп, толығымен қалыптасқаннан кейін ғана онымен жақсылық пен жамандық, дұрыс және бұрыс, ұнамды мен ұнамсыз құбылыстар жөнінде сөз қозғауға болады.

Өз халқының тарихтағы орнын, жетістіктерін жария етті. Шоқан Уәлихановқа адамгершілік, патриоттық, өз халқына деген махаббат тәрізді жақсы қасиеттер тән.

Ш.Уәлиханов көп тілдерді меңгере отырып, қазақ, орыс тілдерінде сөйлеген. Ол әртүрлі халық өкілдерімен дос болып, оларды халықтар достығына шақырған. Ш.Уәлиханов орыс халқының алдыңғы қатардағы адамдары қазақ халқына дос, ал патша әкімдері нағыз қас адамдар деп санаған.

Патша өкіметінің исламды күштеп енгізу саясатына, шала сауатты молдалардың араб тіліндегі сүрелер мен аяттарды жаттату үшін оқушы-шәкірттерді таяқпен ұрып-соғуына қарсы шықты. Оның бұл мәселе туралы ызалана жазғаны: «Кең дала өздерін әулие деп санайтын шала сауатты Орта Азиялық фанатиктеріне және татар молдаларына толы» [1].

Қазақ халқының ғұлама ағартушысы Ыбырай Алтынсарин балаларды адал, шыншыл, өнегелі, еңбек сүйгіш, өнерлі болуға шақырды. Жалқаулық сияқты кері мінездерден аулақ болуды уағыздады. Мына жолдарында бұл ой айқын көрініс тапқан:

Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жас өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер-жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды....
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен, достарым
Сіздерге бердім батамды [2, 224 б.]

Ағартушы жастар үшін жазған шығармаларында еңбексүйгіштікті дәріптейді. Барлық нәрсеге қанағатшыл болуға шақырды, сараңдықты және өзімшілдікті айыптайды. Бақытты сүйіспеншіліксіз болмайтын нәрсе деп есептеді.

Өз халқына пайда келтіруді ойлау қажет, ол үшін көп оқу керек деп «Таза бұлақ» әңгімесінде адам өз халқына адал қызмет ету қажет деген пікірді айтады. Адамдар қарым-қатынасында сараңдық, боссөзділік, өтірік сияқты теріс қасиеттердің болмауын уағыздайды.

Ұлы ақын Абай бала тәрбиесі мәселелеріне кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде педагогикалық көзқарасын білдірді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды күйзелтетінін айта келіп, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдеттен бойын аулақ ұстау, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды.

Сондай-ақ, Абай некелік, жұбайлық өмірдің этикасына өте жоғары мән берген. Ол жастарға махаббатты тек қызықты, тәтті өмір деп қана түсініп қана қоймай, оның елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге қашанда әзір болу керектігін айтады. Абай махаббат сезімін стихиялы сезім емес, саналы сезім екенін, оның шешек атып салтанат құруына үлкендер әрдайым жол сілтеп, қадағалап отыруын күптайды.

Абай некелескен жастардың бір-бірімен, отбасындағы басқа кісілермен, жора-жолдас, туған-туыс, ауыл-аймақпен сыпайы қарым-қатынаста болуы өздерінің мінез-құлқы, іс әрекетіне байланысты екенін ашып айтады. Әсіресе, бұл жерде жаңа түскен келінге қояр талаптың жоғары екенін мықтап ескертеді.

Сонымен бірге этикаға сай емес жат қылықтарды қатты сынайды. Отбасының көркі – әйелдердің арлы әрі өзінің ұнамды ісімен сүйкімді болуын, сөйтіп өз отбасында жұлдыздай жайнап тұруын қалайды. Ал керісінше, кейбір жас әйелдердің бала күтудегі қабілетсіздігін, тіпті өзінің бас аяғына мән бермей салдыр-салақ жүретінін «Қатыны мен Масақбай», «Әйелің Медет қызы, аты Өрім» өлеңдерінде әжуа етеді. Мәселен, жас әйелдердің өзінің көркіне ғана табынып, үй ішінің талап-талғамымен санаспай, үй шаруасына салғырт қарайтынын, қолынан өнімді іс келмейтінін, көпке дейін жастық желігі басылмай жүретіндердің мінез-құлқын «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде жеріне жеткізе сынаған.

Шу дегенде, көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
Бетім барда бетіме кім қарар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі таңтық.

Абайдың этикалық ілімі оның шығармаларынан байқалады. Абай адамдар арасындағы алауыздықты айыптап, береке-бірлікпен еңбек етуге шақырады. Көптеген қазақтар балаларын білімге, кәсіпке үйрету орнына, малды күйттеуден басқаға қолдары тимеді. Отанды, халықты, құдай мен білімді, адамгершілікті мал мен мансапқа айырбастағандарды қатты сынайды. Ұрлық та ақынның айыптауына ұшырады. Орыс халқындағы мәдениеттің жақсы үлгілерінен үйрену қажет дейді. Шала молдалар да өткір сынға алынады. Адамға қажетті басты бес қасиетті атап көрсетеді. Адамгершілікке жат бес жаман қасиетті де атайды.

Абай адамдарды адамгершілікке шақырды. Адамдардың барлығы дүниеге бір-бірімен тең хұқықты болып келеді. Олар бір-біріне туыс. Бұл өмірде адамдар бір-біріне қонақ. Білім және дұрыс тәрбие адамдардың танымын, құлығын жақсы жаққа қарай өзгертеді.

Әдеп тақырыбын қозғаған ақын иман мәселесіне көп көңіл аударып, оны ар мен ұят балалары ретінде түсіндіреді. Абай өз халқының бойындағы адамгершілік қасиеттерімен қатар, теріс қылықтарын да қатал сынға алады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ..., –

деп басталатын өлеңде Абайдың сыни этикасы көрініс тапты. Абай қара сөздеріндегі философиялық толғаныстарында «Адам баласына адам бала-сының бәрі дос», – дейді. Ақын қазақ этикасының түбегейлі ұстанымы – «Адам болу» талап-мұраттарын жоғары деңгейге қояды. Абай өз шығармаларында орыс білімі мен ислам дінінің құндылықтарын тоғыстырып, қазақ адамын заман талаптарына сай қалыптастыруға ұмтыл-ды. Абай еуропалық білім жүйесінің үздік жақтарын қазақ қоғамына сәйкестендіруге тырыс-ты және «Адам болуды» негізгі бағдар ретінде қабылдады.

«Иман» термині қазақ санасына мұсылманшылық арқылы енген. Ол арқалық, білімдіктің синонимі болып табылады. «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақалды Абай өзінің отыз алтыншы сөзіне негіз етіп алып, ұят түсінігін талдайды. Ұятты ақын екі түрге бөледі: надандықтан туындайтын ұят; иманға қатысты шын ұят. Олардың айырмашылығы ұяттың пайда болуының себептерінде. Біріншісі – не шариғатқа, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да өзінен-өзі қысылатын жалқаулық, жалтақтық, қорқақтық, жігерсіздік, жауапсыздықтан туындайды; екіншісі – не шариғатқа, не ақылға, не адамгершілікке кесел тигізетін, не нәпсінің жолында – абыройға нұқсан келтіруден басталатын, өзіне ішкі жаза тарттыратын жоғары сезім. «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіннен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты», – деп анықтайды Абай. Бастапқы мағынасы тұрғысынан болсын, санаға ену жолынан болсын иман ұғымында діни мазмұн басым екендігіне қарамастан, гуманист Абай иманды адамшылық өлшемі ретінде қабылдайды. Абайдың түсінуінше, білуге құмарлықты шектеу, талаптанбау, өз әрекетіне салғырт қарау – имансыздық.

Абай отыз төртінші қара сөзінде «Адам баласына адам баласының бәрі –дос», – дейді. Мына дүниенің шолақтығын біле тұра бір-бірімен өшігіп, не болса соған көрсеқызарлық жасап, жауласудың адам жанына берері шамалы деп тұжырымдайды Абай.

Қазақтың ойшыл, оқымысты классик ақыны адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өз ұрпақтарына «Адам бол!» деп уағыз айтып кеткен ақын адамгершілікті бәрінен жоғары қойды [3].

Моральды «ар ілімі» дейтін ұлы тұлға – Шәкәрім. Ол өзінің "Үш анық" атты еңбегінде әдептанудың көптеген сұрақтарын теориялық жағынан қарастырды. Ар-ождан тіпті о дүниеде де бар нәрсе деп есептейтін ақын: «Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса" оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты», – дейді ұлы ойшыл [4].

Шәкәрім адамгершілік жайында көп ой қозғайды. Ол адам жолы дегеніміз адам баласына пайдасын тигізу, жақсылық ету деп түсіндіреді. Ол үшін адам өз бойындағы кемшіліктерден арыла білуі керек. Ар-ожданның мазмұнын нысап, әділет, мейірім құрайды деп түсінетін автор оларды адамшылық ұғымымен байланыстырады.

Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:

Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.
Бұл үшеуі біріксе, сорды жоймақ
Шын бақ осы деп бұған ақыл тоймақ

дей келе, Шәкәрім жоғары құндылықтарды атап өтеді [4].

Ойымызды тұжырымдай келе, әр кезеңнің ғұлама-ойшылдарының этика – мораль туралы ілім ретінде айтылған көзқарастарын жан-жақты қарастыра отырып, философия да, этика да адамзат парасатының нәтижесінде туындағандығын және этика – әлеуметтік-философиялық ғылым, білім саласы, ал мораль – этиканың зерттейтін пәні екендігін атап өткіміз келеді.

Этика, жеке ғылым ретінде, басқа ғылымдармен қатынасқа түсе алады, ол адамдарға, қоғамдық өмірге ықпал ете отырып, идеалдардың, моральдық кодекстердің негізін қалауға тікелей үлес қосады.

Этиканың философиялық ғылымдар қатарында танылуы, оның зерттеу объектісіне байланысты. Этикада ол адам санасының маңызды бөлігі – адам әрекеті, белсенділігі, болмысқа көзқарастары арқылы көрінетін моральдық сана болып табылады.

Этика моральдың жалпы анықтамасын нақтылап, адамгершілік туралы білімді жинақтауға икемделсе де, уақыт өте келе өзінің философиялық табиғатын өзгерткен жоқ.

Жоғарыда берілген талдау көрсеткендей этика мен философияның өзара байланысын және этика ұғымдарына анықтама берген Аристотель, Кант, Гегель, Фейрбах сияқты философтардың ойын әрі қарай дамытқан және оның мәнін ашуда елеулі үлес қосқан ғалымдар В.П.Клычков, И.Я.Зеленкова, Е.В. Беляева, А.А.Гусейнов, Р.Г.Апресян, Ж.Н.Сарсенова және т.б. [5, 6, 7, 8].

Ғалым В.П.Клычковтың пайымдауынша: «Этика – адамдардың тарихи қалыптасқан рухани-практикалық қызметіндегі адамгершілік қарым-қатынасының сан қилы алғышарттары мен қағидаларын зерттейтін философиялық білім саласы. Мораль адамның іс-әрекеттері мен қылықтары арқылы жүзеге асатын, тарихи тұрғыда айқындалған мінез-құлық нормалары мен ережелерінің жиынтығы ретіндегі этиканың пәні болып табылады» [5, 5]. Этиканы – зерттеу пәні мораль болып табылатын философия немесе практикалық философия деп анықтап, моральдың даму тарихына, компоненттеріне, функцияларына И.Я.Зеленкова мен Е.В.Беляева терең талдау жасады [6, 7].

Ғылым мен білім саласын, интеллектуалдық дәстүрді этика деп атаған А.А.Гусейнов пен Р.Г.Апресян «мораль» мен «адамгершілік» сөздерін синоним ретінде пайдаланып, оларға этиканың зерттеу пәні ретінде анықтама береді [7, 8].

1 .Уалиханов Ш. Собрание сочинений. //Соч.: В 5 т. – Алматы: Изд. АН Каз., 1961. Т. 2. -235.

2 .Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия. –Оренбург, 1879.

3 .Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1986. Т.2. -200 б.

4 .Құдайбердиев Шәкәрім. Үш анық. –Алматы, 1991. -80 б.

5 .Росенко М.Н. Основы этических знаний. – СПб., 1998. - 256 с.

6 .Зеленкова И.Я., Беляева Е.В. Этика. /Учебное пособие для студентов вузов. –Минск, 2000. -368 с.

7 . Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. Этика. –М., 2000. -403 с.

8 .Сарсенова Ж.Н. Этика және эстетика негізі. –Алматы, 1995. -62 б.

Резюме

В данной статье автор останавливается на различных этико-моральных учениях великих мыслителей разных эпох. Освещает особенности возникновения морали как специфической категории этики и философии, указывает на обширные общественные и воспитательные функции морали.

Summary

Each period of great thinkers ethic and moral are educational which discussed versatile in philosophy in ethics personal execute and ethic humanitarian philosophy science and educational system but moral is ethic research subject.

ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ АНТРОПОНИМДІК БЕЙНЕСІ

Ш.Б. Аргингазина - *ф.г.к., шетел филологиясының доценті,*
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Әлемнің Қазіргі ағылшын және қазақ тіліндегі әлемнің антропонимдік бейнесі XVII-XIX ғасырлардағы әлемнің антропонимдік бейнесінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткен фактор – әдебиет болып табылады. Сол кездегі ағылшын қоғамының санасы мен талғамының қалыптасуында әдебиеттің рөлі айрықша болды. Свифт, Дефо, Сидней, Спенсер, Милтон, Элиот, Теннисон, Скотт, Диккенс т.б. көптеген шығармалар жазып, жаңа әдеби типтер мен кейіпкерлер жаратты. Олардың жалқы есімдерін ағылшындықтар өз балаларына берді.

Әлемдік бейне адамның қоршаған әлеммен байланысы барысында,"теория мен тәжірибенің күрделі әрекеттесуінің нәтижесінде қоршаған болмысты білу барысында" пайда болады [1, 124].

Жазушылар антропонимдерді жұртқа жаюмен бірге өздері де жаңа антропонимдерді ойлап шығарды. Мысалы: Шекспир шығармасынан алынған жалқы есімдер: *Silva, Jessica, Ophelia* (Гамлет), Сиднейдің шығармасынан: *Pamela, Stella, Vanessa.*

Ал XVIII ғасырда готикалық романдардың қайта тууына және готикаға болған қызығушылықтың артуына байланысты көне ағылшын және орта ғасырлардағы кейбір антропонимдер қайтадан дами бастайды: *Galahad, Arthur, Emma, Lancelot, Matilda, Rowena, Maud, Rasabel, Alfred, Edgar.*

В.Скоттың тарихи романында және А.Теннисонның «King's idillias» (1859-1885) деген поэмалар жинағында көптеген ұмытылған жалқы есімдер қайта жаңарған: *Guy, Lancelot, Nigel, Guinevere, Geraint, Gareth, Enid, Amy.*

Ал Alice деген ұмытылған әйелдердің есімі XIX ғасырдың 2-жартысында Л.Кэрролдың «Alice's adventures in Wonderland» (1865) деген ертегі шыққаннан кейін қайта жаңарды.

Шығармалары әйгілі аттардың таралуына мүмкіндік туғызған жазушылар мен ақындардың тізіміне мына адамдар жатады: У.Теккерей - *Esmond*, С.Блекмур - *Lorna*, Л.Кэролл - *Alice*, А.Теннисон – *Clfrf, Clare*, Matilda, С.Ричардсон - Pamela, Дж.М.Берри - Wendy, Г.Спенсер - Clarinda, Э.Лайон – *Edna, Joyce*, А.Поуп - *Belinda*, Ф.Сидни - *Pamela*, Б.Дизраэли – *Sibil, Sibley*, Дж.Голсуорси - *Fleur.*

Мысалы, Charles John Huffam Dickens есімінде *Charles, John* деген – жалқы есімдер, *Huffam, Dickens* деген – тегі болып есептеледі. Ұлы ағылшын жазушысының туу туралы куә-

лігінде *John* деген жазушының әкесі Джон Диккенстің жалқы есімі, *Huffam* – кіндік әкесі Кристофер Хаффамның тегі болып келеді. Екі жалқы есім немесе орта (среднее имя) есім – туысқандарының, кіндік әкесі мен шешесінің, атақты бір тұлғаның есіміне немесе тарихи оқиғалар, діни т.б. жағдайларға байланысты қойылған.

Қазіргі уақытта ағылшын тілінде екі антропоним (жалқы есім мен тегі) ресми болып есептеледі. Мысалы: *Jack Straw, Reginald Dwight.* Бірақ әдет-ғұрып бойынша ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде балаға туылған кезінде екі есім: жалқы есім (personal name) және орта есім (middle name) қойылады.

Ономастикалық категориялардың ішінде ең бірінші құжаттық бейнені алған – жалқы есімдер. Олардың негізінде лақап аттар ретінде қолданылған апеллятивтардың бір бөлігі бар (*Bud, Butch, Nobby, Dusty, Buster*). Лақап аттар екі мағынада қолданылады: бірінші-ден, олар тұлғаға тән ерекше белгілерді атайды, екіншіден, маңындағылардың оған деген эмоционалды қарым-қатынасын білдіреді.

